



ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

БАРША АЙМАҚҚА ҮЛГІ ШАҺАР


4-БЕТТЕ



ШАРТАРАП

ҚЫТАЙ МЕН ҮНДІСТАН ҚАҚТЫҒЫСЫ

6-БЕТТЕ



КӨРШІ АҚЫСЫ

ТУРИЗМДІ ТІРЕК ЕТКЕН

9-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№71 (4040)

Бейсенбі

18 маусым 2020 жыл

AQSHAMY

БИЫЛ
20 000
ОРЫНҒА АРНАЛҒАН
12 МЕКТЕП
КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ
40 000
ОРЫНДЫҚ
12 МЕКТЕП
САЛЫНАДЫ



Интернеттен алынды

Елорда әкімі Алтай Көлгінов жаңадан салынып жатқан мектептердің құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Қалада білім беру нысандарына қажеттілік бар. Биыл 20 мың орынға арналған 12 мектеп, келесі жылы 40 мың орындық 12 мектеп салынады. Бүгін бірқатар мектептердің құрылысы барысымен таныстым. Мысалы, №31 мектеп аумағында (Кенесары көшесі, 49) тағы бір оқу ғимаратының құрылысын жүргіземіз. Бұл оқу орнының толымдылығын айтарлықтай жеңілдетіп, жаңа оқушыларды қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ «дарынды ер балаларға арналған білім-инновация лицей-интернатында» орналасатын жаңа ғимарат мәселесі қаралды. Мекеме 60 жыл бұрын салынған» деп жазған қала әкімі А.Көлгінов кешенді жоспар аясында 5 жыл ішінде 60 мың орындық 50 мемлекеттік мектеп (оның 10-ы – қазіргі мектептердің аумағында) салу жоспарланғанын, бұл қосымша тағы 120 мың орын ашуға мүмкіндік беретінін, сондай-ақ мектеп құрылысына жеке инвесторлар да тартылғанын келтірді.



ЕЛБАСЫНЫҢ АЛҒЫС ХАТЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Nur Otan партиясы елордалық филиалының қызметкерлері мен партияның «Jas Otan» Жастар қанатының мүшелері ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолы қойылған Алғыс хаттармен марапатталды.

Марапатталған жастар ТЖ кезінде «Біз біргеміз!» республикалық акциясына белсене қатысқан. Филиал қызметкерлерімен бірге көмекке мұқтаж отбасылардың үйлеріне азық-түлік жиынтығын жеткізумен айналысып, қаланың медициналық мекемелеріне қорғаныс құралдарын жеткізген.



«ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

ҚАЛА КЕҢЕЙДІ, МЕКТЕП КӨБЕЙДІ

«СЕРГЕК» СЕРГЕК БОЛУҒА ҮЙРЕТЕДІ

Цифрландыру – дамуға бет алған мемлекеттер үшін трендке айналды, цифрлық жүйеге көшкен ел экономикада бәсекеге қабілетті бола алады, осы себепті де мемлекет ақылды технология, смарт сити жүйесін дамытуға мүдделілік танытып, бұл саланы қолдауға әзір. Ал біз әңгімелейтін «Сергек» жүйесінің бірінші мақсаты – халықтың соңғы технологиялар мүмкіндігін пайдалануына жағдай жасау, жол апатын азайту. Біз «Сергекті» орнатумен айналысатын «Көркем Телеком» ЖШС директоры Әсет Ахметовпен әңгімелескен едік.

7



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 457.53 \$ USD/KZT 403.68 ₸ RUB/KZT 5.79 ¥ CNY/KZT 57.05

www.astana-akshamy.kz



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

20 ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

» Елорда әкімі Алтай Көлгінов құрылысы ұзаққа созылған бірқатар үйлердің құрылысы жұмыстарымен танысты. Бұл туралы қала әкімі Instagram парақшасында жазды.

«Санитарлық нормаларын қатаң сақтай отырып, құрылыс қарқынын арттыру қажет. Қаланы аралау барысында құрылысы ұзаққа созылған бірқатар үйлердің құрылысы жұмыстарымен таныстым. «Шығыс 2,3 кезек», «Зере 1», «Ақерке-2» тұрғын үй кешендерін биыл тапсырамыз. Биыл құрылысы ұзаққа созылған 20 тұрғын үй кешенін салып, пайдалануға береміз» деп жазды А.Көлгінов. 8 мыңға жуық үлескер пәтерлеріне кіріп, тұрғын үй құжаттарын ресімдей алады. Өткен жылы 2,5 мың үлескері бар 10 тұрғын үй пайдалануға берілді.



ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІЛЕРІ – КЕҢЕСШІЛЕР

» Елорда аудандарының әкімдері сыбайлас жемқорлыққа қарсы штаттан тыс кеңесшілерді тағайындады, деп хабарлайды Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ресми сайты.



Атап айтқанда, кәсіби медиатор Ғалым Аққасов Есіл ауданы әкімінің штаттан тыс кеңесшісі, кәсіпкер және белсенді тұрғын Максим Николайчук Сарыарқа ауданы әкімінің кеңесшісі,

«Жанару» республикалық қоғамдық бірлестігі қалалық филиалының екі өкілі, адвокаттар Азамат Рахымбеков пен Мұратбай Жұпбағанбетов Алматы және Байқоңыр аудандары

әкімдерінің штаттан тыс кеңесшілері болып тағайындалды. Бұдан былай елорданың әр ауданында кеңесшілер тұрғындармен және әкімдікпен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу,

қоғамдық бақылау мәселелері бойынша өзара әрекеттеседі. Олар сондай-ақ ішкі сыбайлас жемқорлықты жою және азаматтарға жайлы жағдай жасау мақсатындағы «Адалдық алаңы» жобасы аясында аудан әкімдіктерінің жұмысын үйлестіретін болады.

Еске сала кетейік, 2018 жылдан бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет пен қала әкімдігінің бастамасымен, жақында қаланың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі әкімінің штаттан тыс кеңесшісі болып тағайындалған қалалық мәслихат депутаты Мирас Шекенов басқаратын «Астана – адалдық алаңы» жобасы іске қосылды.

ДӘРІГЕР ҚАТЕЛІГІ ҚАЛАЙ БАҒАЛАНАДЫ?

» Мәжіліс Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске Сенат енгізген дәрігердің қателігін декриминализациялау туралы түзетулермен келісті. Осыдан кейін, регламентке сәйкес заң жобасы қабылданып, Президенттің қол қоюына жіберіледі.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

Сенатор Серік Бектұрғанов заң жобасындағы түзетулерді былайша түсіндіріп берді: медицина қызметкерлерінің клиникалық зерттеулер, аурудың алдын алу, диагностика, емдом жасау және медициналық айықтыру жүргізу барысында ауыр салдары болса немесе ол заң бұзушылық лауазымды тұлғаның тарапынан жасалған болса Қылмыстық кодекстегі жаза түрі бұрынғы күйінде қалады. «Бұған қоса, жоғарыдағыдай іс-қимылдар барысында ауыр салдары байқалмаса және лауазымды тұлғаның тарапынан заң бұзушылық жасалмаса, оны Әкімшілік құқық бұзушылық кодекске ауыстыруды ұсындық» деді С.Бектұрғанов.

Сенат енгізген түзетулерге сәйкес,



дәрігерлердің заң бұзу фактілеріне қатысты қылмыстық іс қозғау үшін шағымға уәкілетті орган жүргізген тексеріс актілері мен ревизиялық құжаттар қоса беріледі. «Қазір мұндай ереже жоқ. Сол себептен, дәрігерлердің әрекетіне қатысты кез келген шағымнан кейін қылмыстық іс қозғалады. Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін, әртүрлі талдау, күдіктілерден жауап алу мен куәгерлерге сауалнама жүргізу, материалдарды жинап алу және өзге де тергеу іс-шаралары жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда тергеушілердің жұмысы екі есеге көбеюмен қатар, дәрігерлердің де жұмысы тоқтайды. Олардың айналасында күдік пен сенімсіздік ахуал қалыптасады. Алайда бір ғана шағымның негізінде қозғалған қылмыстық істердің аз ғана бөлігі сотқа дейін жетеді» деп түсіндірді сенатор.

» АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Өңірде «Нұрлы жер», «Нұрлы жол», ИИДМБ, «Қарапайым заттар экономикасы», «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» және басқа да даму бағдарламалары белсенді түрде жүзеге асырылып жатыр. Экономиканың барлық сегментінде оң қарқын байқалады.

■ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Қызылорда облысының күрші шетелдерде сұранысқа ие. Облыстағы 45 ірі және 29 кіші зауыттың 27-сі халықаралық стандартқа сай. Бүгінгі күні кәсіпорындардың жылдық қуаттылығы 408,5 мың тонна және өнім өндіру екі есеге өскен, экспорт көлемі 31% ұлғайған.

■ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Кентауда трансформатор зауыты дайын өнімдерді 14 елге экспорттайды, осылай экономиканың өсіміне, әлеуметтік пакеттерге, өмір сапасы мен ұлттың әл-ауқатының арта түсуіне ықпал етуде. Зауыт – бүгінде Кентау қаласының ғана емес, еліміздің экономикасына да үлес қосып келе жатқан ірі кәсіпорындардың бірі.

■ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Ертис өзені арқылы өтетін көпір салынады. Ескі көпір 1962 жылы салынған. Оның қасында жаңа экстрадозды көпірдің құрылысы жүргізіледі. Жаңа көпірдің жобасы дайын. Жобаны 2021 жылы аяқтау көзделіп отыр. Құрылыс кезінде ескі көпір жабылмайды, жанынан жаңа экстрадозды жартылай керме көпір салынады. Құрылыс үш жылға созылады.

■ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Волонтерлер қозғалысында белсенділік танытқан ақмолалық 27 жас Елбасының Алғыс хатымен марапатталды. Қайырымды іспен айналысатын ақмолалықтардың географиясы үлкен, облыстың барлық аумағын қамтиды. Облыс бойынша волонтерлер көмегімен барлығы 11,5 мыңнан астам отбасыға азық-түлік, маска және әлеуметтік маңызы бар тауарларды жеткізген.

СҮБЕЛІ СӨЗ

Ерлан САИРОВ, саясаттанушы, Еуразиялық интеграция институтының директоры:

“”

Қазақстан халқының 19 пайызы – кедейлер, ал кедейлік мемлекет үшін өте қымбатқа түседі. Бізде ауылдарға қатысты әлі шешілмеген мәселе көп. Бір ғана мысал келтірейін. Израильде 8 млн халық тұрады, бірақ олар 6 млрд АҚШ долларына ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіреді. Қазақстанның ұлан-ғайыр аумағы бар, әлеуеті де өте үлкен, бірақ біз экспортқа бар-жоғы 800 млн АҚШ долларының өнімдерін шығарамыз. Айырмашылығы жер мен көктей.

(17.06.2020. Қоғамдық-саяси процестердің маңызды мәселелеріне арналған қоғам қайраткерлерімен кездесуде айтқан сөзі)

ЕЛБАСЫ МЕДАЛІ

» Былтыр Қазақстанның Тұңғыш Президенті - Елбасы белсенді және талантты жастарды қолдауға бағытталған жалпыұлттық «El Ümiti» бастамасын көтерді. Жаңа бастама аясында Тұңғыш Президент - Елбасы қоры қазақстандықтар мен мемлекет болашағы үшін бірнеше тың жобаларды іске қосты.



Дарынды балаларды демеу үшін «Qabilet» кәсіби бағдарлау құралы секілді басқа да жобалар жүзеге асуда. Соның бірі – «Елбасы медалі» жобасы. Жоба өске-лең ұрпақты тәрбиелеуге және олардың үйлесімді жетілуіне мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаға қатысу тәртібі Үкімет Қаулысымен бекітіліп, Тұңғыш Президент Қорының қолдауымен өтіп жатыр. «Елбасы» медалі» алдына мақсат қойған жастарды қолдау және ынталандыруға бағытталған. Әрбір қатысушыға өзін-өзі дамыту үшін 7 бағыт ұсынылған. Олар: спорт және дене шынықтыру, дарын мен дағды, еріктілік, туристік саяхаттар, кітап оқу, ұлттық мұра және еңбек тәжірибесі. Бұл туралы кеше Нұр-Сұлтан қалалық білім басқармасының басшысы Шолпан Қадырова баяндады. Айта кету керек, бағдарламаны әзірлеуде үздік әлемдік тәжірибе қолданылған. Байқауға қатысатындардың жасы 14 пен 29 аралығында болуы керек екен. «Елбасы

медалі» алдына мақсат қойған кез келген талапты жас ие бола алады. Бағдарламаға қатысу үшін me.fpp.kz онлайн-платформасына тіркеліп, ұсынылған алтын, күміс немесе қола бағыттарын таңдау керек. Бұл жобада мүмкіндігі шектеулі жастарға тиімді бағдарламалар бар. Мақсат – тек «Елбасы медалі» алу емес, болашақ мектеп түлектері үшін де елдегі ЖОО-да білімдерін жалғастыруға бағытталған тың қадам. Медаль иегерлерінің ұпайлары тең болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім грантын, сондай-ақ қала әкімінің грантын алуға толық құқығы бар екен. Бұл орайда елорданың талантты әрі талапты жастары үшін де шаралар қолға алынған. Бағын сынамаққа ұмтылған жастар үшін қала әкімдігі әр мақсатқа жеткізілген миллион теңге бөлген. Дәл қазір 1351 астаналық жас бағдарламаға қатысуға өтініш берген, олардың қатары әлі де толығады.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Жыл басынан бері 300-ден астам әйел сенім телефонына жүгінді, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты. Биыл 15-18 маусым аралығында елорда аумағында мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, «Отбасында зорлық-зомбылыққа жол жоқ» атты республикалық акция өтуде.

«Шараның негізгі мақсаты – әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, тоқтату, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жасауға бейім адамдармен жеке-профилактикалық жұмысты жүзеге асыру» дейді Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаменті. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшенің қызметін ұйымдастыру, қала әкімдігі жанынан «Үміт» КММ жұмыс істейді (тәулік бойы 49-78-89 сенім телефоны). Қызметкерлер тұрақты түрде 71-60-63 сенім телефондары бойынша түсіндіру жүргізеді (жұмыс күндері уақытылы істейді), зардап шеккен әйелдер өтініш берген кезде олардың құқық қорғау шаралары қабылданады, психологиялық және заңгерлік көмек көрсетіледі.

Жеке қабылдауға келген 150 әйелдің 40-тан астамы балаларымен бірге дағдарыс орталығына орналастырылды. Олардың өтініштері бойынша 100-ден астам құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Дағдарыс



орталықтарының мамандарымен, субъектілермен («Дом Мамы» ҚҚ, «Қорғау-Астана» ЖҚ, «Право» ҚҚ, «Шанс» қиын жасөспірімдерге арналған Жастар орталығы және қаланың ҰЕҰ) үйлесімді жұмыс істеу нәтижесінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына оңал-

ту сипатындағы көмек көрсететін ерлі-зайыптылар арасындағы өзара қарым-қатынасты түзетуге және балаларды тәрбиелеу бойынша ата-ана міндеттемелерін тиісті орындауға бағытталған жұмыстар тұрақты түрде жүзеге асырылуда.

СЕНАТҚА ҮМІТКЕР ҰСЫНДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты кезектен тыс сессиясының пленарлық отырысында мәслихат депутаттары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатына Ақылбек Күрішбаевтың кандидатурасын ұсынды. Бұл кандидат Nur Otan партиясы депутаттық фракциясының отырысында бекітілді.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Отырыста алдымен сөз алған қалалық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы Мәжит Шайдаров Сенат сайлауы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес 12 тамызға белгіленгенін атап өтіп, тиісті заңнамаға сәйкес жоғары палатаға кандидаттарды жергілікті мәслихаттар ұсынатынын айтты. Ұсынылған кандидаттың өмір жолымен таныстырды.

Ақылбек Күрішбаев – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,

профессор, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ басқарма төрағасы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Ресей ғылымдары академиясының академигі, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының V және VI шақырылымының депутаты.

Еңбек жолын 1983 жылы В.Вильямс атындағы Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтында бастады. Институт қабырғасында 1997 жылға дейін жұмыс істеп, агротопырақ зерттеу бөлімінің зертханашысынан бастап, директордың орынбасарына дейінгі жолды жүріп өтті. А.Бараев атындағы астық

шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры, Ауыл шаруашылығы министрлігі департамент директоры, вице-министр, министр сатыларынан өтті.

Мәслихат депутаттары Зәуре Жүсіпова мен Зейнолла Шібікенов кандидаттың елдің өркендеуіне, ауыл шаруашылығы және білім саласына қосқан үлесіне тоқталып, Ақылбек Күрішбаев Сенатқа лайықты кандидат екенін атап өтті. Сессия қорытындысында Nur Otan партиясы депутаттық фракциясы кандидатты бірауыздан мақұлдады.

АРБАТТАҒЫ ҒАЖАЙЫП АУРА

Елорда күні қарсаңында Арбатта әйгілі хиттер орындалды, әртістер әлемге әйгілі әуендерді фортепианода орындады, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.



Нұр-Сұлтан қаласының Мемлекеттік академиялық филармониясының әртістері ерекше флеш-моб өткізді. Арбатта пианистер әлемдік хиттерді орындады. Арбаттан өткен көрермендердің «Амели», «Список Шиндлера», «Титаник», «Завтрак Тиффани» және т.б. танымал кинофильмдердің музыкасын тыңдау мүмкіндігі болды. Оны Юлия Заечковская (үрмелі оркестр), Айсұлу Амангел-

ді және Ерболат Абылай (камералық хор), Мирас Дәулет (қазақ оркестрі) және Гүлдана Төлепберген (симфониялық оркестр) ұсынды. Ашық аспан астындағы акция бекер ұйымдастырылған жоқ: елорданың басты мерекесі қарсаңында қала тұрғындарын қуантуды көздеді. Бұдан бөлек, карантинге байланысты көрермендер залында бұқаралық іс-шаралар өткізуге тыйым салынғаны белгілі.

Жазғы лагерь – баланың асыға күтетін демалыс орны. Биыл балалар лагерьдің қызығын кештеу сезінбек. Осы жылы қала сыртындағы лагерьлерде жазғы демалысқа 3050 баланы қамту қажет болатын. Карантин режимінің енгізілуіне байланысты лагерьдегі демалыспен қамту 25% азайып, қазіргі уақытта 2230 бала жіберілмек.

БАЛАЛАР ЛАГЕРІ ӘЛІ ЖАБЫҚ



Сонымен қатар, бүгінгі күні «Боровичок» демалыс аймағында жөндеу жұмыстарының аяқталуына байланысты, «Қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығының» 56 тәрбиеленушісін жазғы лагерьге жіберу жоспарлануда. Десек те, қала сыртындағы лагерьлер әлі жұмысын бастаған жоқ. Лагерь орындарын дайындау жұмыстары мамыр айынан басталып кеткен. Қала сыртындағы «ARMAN» туристік-сауықтыру кешені, «Боровичок» демалыс аймағы, «Батыр» ту-

ристік-шатырлы және «Тұлпар» этникалық киіз үй лагерьлерінде жөндеу, көгалдандыру, абаттандыру және дайындық жұмыстары аяқталды. Тек елдегі карантин жағдайына байланысты қауіпсіздік шарасы сақталуда.

COVID-19 жұқтырушылар санының өсуі 7 күн ішінде 2%-дан аспайтын деңгейге жеткен жағдайда ғана лагерь ашылмақ. Жұмыс алгоритмі мен күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, жазғы лагерьдің жұмыстары жүргізілетін болады.

ЖАРТЫ АЙДЫҢ ЖАҢБЫРЫ ЖАУДЫ

Қазгидрометтің мәліметінше, елордада маусымның 15-інен 16-сына қараған түні 22 мм жаңбыр жауды, айлық мөлшер – 37 мм.



Бұл – айлық мөлшердің жартысынан көбі. Жауын-шашын суын сорғытуға 100-ден астам арнайы көлік жұмылдырылды, олар – ассенизаторлық көліктер, мотопомпалар, су сору құралдары.

150 мың текше метрден астам су сорғы-тылды.

Қала көшелерін су басуына жол бермеу үшін әкімдік нөсерлік кәріз құрылысы бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Жыл басынан бері 2676 азаматқа тегін заңгерлік кеңес берілген, ШҚО әділет департаменті тұрғындарға тегін заңгерлік кеңес беру мақсатында 175 қорғаушымен келісімшартқа отырған. Жоспарға сәйкес, 2020 жылы тегін заңгерлік көмек көрсету мақсатында республикалық бюджеттен 147 млн 421 мың теңге бөлінген.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

«Бекіре - 2020» балық қорғау шарасы кезінде 13,9 тонна балық заңсыз айналымнан алынды, оның ішінде 943,9 келі бекіре тұқымдас балық бар. Сонымен бірге, 16,34 келі қара уылдырық, 439 ау жарағы, 119 жүзу құралы тәркіленді. 759 құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Сондай-ақ 33 қылмыстық іс қозғалған. Соның нәтижесінде 13 млн теңге айыппұл салынған.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

«Дипломмен - ауылға» барған 421 жас маманға жәрдемақы төленеді. Жоба іске асырыла бастағаннан бері (2009 жылдан бастап) ауылдық жерлерге 5,1 мыңнан астам маман келді, өткен жылдарда жоба аясында 6,1 млрд теңге, оның ішінде көтерме жәрдемақы төлеуге – 618,0 млн теңге, тұрғын үй сатып алуға бюджеттік несиелер беруге 5,5 млрд теңге бөлінген.



Азамат
ЕСЕНЖОЛ

» Жақында Үкімет басшының төрағалығымен өткен Нұр-Сұлтан қаласының жаңа орталығын салу барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында Асқар Мамин: «Елорда құрылысы – Қазақстанның Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жүзеге асырған тарихи жоба. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдымызға елорданы дамыту жөнінде бірқатар нақты міндеттер қойды. Енді біздің басты міндетіміз – қаланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, оның инфрақұрылымын, сыртқа келбетін жақсарту. Елорда өмір сүру сапасының деңгейі бойынша барлық өңірге үлгі болуы тиіс» деді.

Шын мәнінде, қазір ел жүрегі – елорда барлық аймаққа үлгі болар шаһарға айналды. Қала күн сайын көркейіп, қанатын кеңге жайып келеді. Бұл айтуға оңай болғанмен, осы деңгейге жету үшін қаншама күш жұмсалды. Қазір тұрғындардың игілігі үшін сан тарау жобалар қолға алынып, сол бағытта көп жұмыстар атқарылып жатыр. Біз соның ішінде абаттандыру туралы айтсақ дейміз. Қаланың көркі – биік үйлер, сәнді ғимараттар ғана емес, тал-терегімен жайқалған саябақтар, неше түрлі гүлдің иісі аңқыған гүлзарлар, қыздың жиған жүгіндей жинақы аулалар, балалар асыр салатын ойын алаңдары.

ШАҒАР – АУЛАДАН БАСТАЛАДЫ

Биыл бас қалада «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында 150-ге жуық аула абаттандырылады. Қазір ол жұмыстар белсенді басталып кетті. Олардың кейбірі

он жылдан бері абаттандырылмаған, солардың бәрі назардан тыс қалып жатқан жоқ. Сонымен бірге 50-ге жуық көпшілік баратын қоғамдық орындар да көркейеді. Мәселен, әнебір жылы Мәскеуге жолымыз түскенде үлкен шаһарда шағын саябақтар мен гүлзарлар көп екендігін байқадым. Қазір бізде осындай саябақтар мен гүлзарлар көбейгені көңілге жылылық ұялатады. Әсіресе сүрілген ескі үйлердің орнына салынған шағын саябақтар қаланың ажарын ашты.

Мысалы, таяуда елорда басшысы Байқоңыр аудан-



на қарайтын «Жастар» шағын ауданын аралап, сондағы жұмыс барысымен танысқан еді. Аталған шағын аудандағы 50-ден астам тұрғын үйде 14 мыңға жуық тұрғын тұрады. Биыл осындағы 16 аула толығымен абаттандырылады. Сонда тұрғындармен кездескен қала әкімі Алтай Көлгінов: «Аулаларды абаттандыруда тұрғындардың пікірін ескеру қажет. Ол үшін биыл барлық аудан бойынша «Қатысу бюджеті» бағдарламасы іске қосылды. Қай ауланы абаттандыру немесе ойын алаңдары қандай болу керек дегенді тұрғындардың өзі шешеді. Ең алдымен жұмыс тиісті деңгейде орындалуы қажет. Біз сапасы төмен жұмысты қабылдамаймыз» деп айтты.

Елорда әкімдігі қаланы көгалдандыруға айрықша

назар аударып отыр. Осы жылы бас шаһарды көгалдандыру мен абаттандыру мақсатында 30 мың ағаш отырғызылады. Қазір қалада гүл егу жұмыстары қызу жүргізілуде. Биыл шаһар бойынша 6 миллионға дейін гүл егіледі.

ШЕТКІ КӨШЕЛЕР ДЕ ЖӨНДЕЛУДЕ

Тағы бір қуантарлық жайт, бас шаһардың шет аймағындағы көшелерге асфальт төселіп, аулалары абаттандырылып жатыр. Биыл Нұр-Сұлтан қаласында 150 көше жөнделеді. Олардың дені жүзге жуық тұрғын үй алабында орналасқан.

Өндіріс тұрғын алабының тұрғыны Сәуле Құлмайева аталған алаптағы өзі тұрып жатқан көшеге 25 жылдан бері асфальт төселмегендігін айтыпты. «Биыл бірінші біздің көшеге асфальт төселді. Қуаныштымыз. Бұрын елордада тұратынымызды мүлдем сезінбейтінбіз. Жол жаңбыр жауса, батпаққа айналады. Қазір жол мен бірге жарық та тартылды. Балалар да аулада еркін ойнап жүр. Осы жұмыстың басы-қасында жүрген азаматтарға алғысымды айтамын» деп қуанышын жеткізген. Биыл Өндіріс тұрғын алабында 16 көшенің жолы жөнделіп, оның кейбірі жаңадан салынады. Сонымен қатар



Агроқалашық тұрғын алабында да 21 көшенің жолы жөнделеді.

Өзіме түнгі елорданың көрінісі қатты ұнайды. Әсіресе жарқ-жұрқ еткен түрлі-түсті шамдары адамды еліктіріп, алыстан қол бұлғап шақырып тұрады. Осы жылы қала көшелеріне 10 мың энергия үнемдейтін шамдар орнатылады. Бұл шамдар электр энергиясын 40 пайызға үнемдеп, әдеттегі шамдарға қарағанда айтарлықтай жарық болады.

КЕПТЕЛІСТЕН ВЕЛОЖОЛДАР ҚҰТҚАРАДЫ

Әлемдегі халқы көп үлкен шаһар тұрғындары иін тірескен кептелісте көп тұрмау үшін жұмысқа көбінесе велосипедпен қатынайды. Бұл үрдіс кейінгі жылдары бізде де кең қанат жайыла бастады. Биыл елордада 45 шақырым веложол салынса, осы үш жыл ішінде 130

шақырым веложол салу жоспарланып отыр. Қазір қалада 50 велостансаға 200 велосипед қойылған.

Осы маусым айында оның саны үш есе көбейтіліп, елорда тұрғындары мен қонақтарына 155 стансада 700 велосипед қолжетімді болмақ.

Маусым айы туа күн қатты ысып кетті. Жұршылықтың көбі қаладағы субұрқақтың маңайында жүр. Субұрқақтар да қаланың сәніне айналған. Биыл елордада 70-тен астам субұрқақ жұмыс істеп тұр. Оның көбі, яғни 48-і Есіл ауданында орналасқан. Есіл ауданының әкімі Берік Жәкеновтің айтуы бойынша «Нұржол» желек жолындағы музыкалық субұрқақтардың әуені жаңармақ.

Бір сөзбен айтқанда, елордадағы атқарылып жатқан абаттандыру жұмыстары көңіл тоғайтады. Оған тек бәріміз болып атсалысуымыз қажет. Сонда бас шаһардың да шырайы ашыла түседі.

ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ҚАЙТА НАШАРЛАДЫ

» Елордада коронавирус пандемиясына қатысты эпидемиологиялық жағдай қайта нашарлап кетті. Осы күнге дейін қалада ауру жұқтырған 2951 адам тіркелді. Соңғы үш тәулікте орташа есеппен 150 адам ауру жұқтырғаны анықталса, соның тең жартысы – дерт белгісі жоқ науқастар. Қазір зертхана вирусологтары арасында да жұқтырып алушылар саны артып отыр. Жаңа жұқтырушылар осы қарқынмен көбейе берсе, дәрігерлер мен төсек орындар жеткіліксіздігі мәселесі туындауы мүмкін.

Райхан РАХМЕТОВА

Апта сайын халыққа қаладағы коронавирустық ахуалды баяндап отыратын Нұр-Сұлтан қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәуле Қисықованың кешегі брифингте берген мәліметтері қуанарлықтай емес.

– 17 маусымдағы жағдай бойынша елорданың ауруханаларында 1711 адам жатыр, бұл төсек орынның 90%-ын құрайды. Олардың 80-і – жан сақтау бөлімінде. Өкпені жасанды желдетуге қосылған пациенттер саны 4 есе өсті. Зертханаларға өте үлкен жүктеме түсуде. Тек симптомдары және науқаспен жақын байланысы бар адамдар ғана тест тапсыруы керек. Қажеттілігі болмаса да, дүрбелең орнатып, сау адамдардың жаппай тапсыра беруі тест жетіспеушілігіне әкелуі мүмкін, әрі жүктеменің көптігі талдау нәтижелерін жедел өңдеуге кедергі болады. Сондықтан елдің бәріне бірдей тест тапсырудың қажеті жоқ. Бұған дейін 170 мың тест жүргізілді. Қазір қалада 40 мың тест қоры бар. Ол өз уақытында сатып алынып, тағы толықтырылып отырады. Қаладағы 8 зертханада күніне ең көп дегенде 5000 тесттен жүргізілуде. Бүгінде зертханаларда 20-дан астам

вирусолог індет жұқтырды. Олар күндіз-түні, тәулік бойы жұмыс істеген. Медицина мамандары да адам баласы, робот емес. Үш айдан бері олар үнемі вирус ошағында қызмет етіп келеді» деді ол.

Бүгінде Нұр-Сұлтан қаласында қауіпті инфекция жұқтырғандарды емдеуге 10 стационар жұмылдырылған. Оларда 3,5 мың дәрігер және 8 мың орта медициналық қызметкер жұмыс істейді. Санитарлық нормалардың сақталмауы салдарынан жаппай індет тараған жағдайда, бәріне дер кезінде көмек көрсетілмейді.

Тек коронавирусқа қатысты соңғы тәуліктегі жедел жәрдем шақыртулары 427-ге жетіп, 8 есе өскен. Халықтың шақыртулары бойынша 110-нан астам жедел жәрдем бригадасы жұмыс істеді. Жаһандық дертке байланысты қала тұрғындарымен кері байланысты күшейту үшін жедел жәрдем стансасына қосымша байланыс орталығы ашылды.

Басқарма басшысының айтуынша, коронавирусқа шалдығу қаупін күшейтетін пневмониямен жылдың басында орташа есеппен күніне 5 адам дәрігерлерге қаралса, маусым айынан бері ол көрсеткіш күніне 500 адамға жетіпті. Оның ішінде вирусты пневмониямен әрбір екіншісі түседі.

Бүгінде дейін қалалық ста-

Меруерт ҚАЗБЕКОВА,
Мәжіліс депутаты:

“

Денсаулық сақтау министрлігінің елдегі клиникаларда орын жетеді және қорғану құралдары жетеді деп сендіргені тек сын туғызады. Себебі шенеуніктер статистикаға жүгінеді, ал адамдар нақты жағдайларға тап болады. Бірақ олар – біздің азаматтарымыз, оларды мемлекет қорғауға міндетті. Шағымдардың көбі бағасы 15 мың теңге болса да, індетті анықтайтын тестінің жетіспеушілігіне түсіп жатыр. Оның үстіне көптеген азамат үш айдан бері табыссыз күн көруде. Нұр-Сұлтанда тест тапсыру үшін 2 күн бұрын кезекке тұру керек. Нәтижесі де уақтылы шықпайды. Кезек туралы Алматы, Шымкент, Павлодар, ШҚО, Түркістаннан да хабарламалар келіп жатыр.

(17.06.2020. Мәжілістің жалпы отырысында Үкімет басшысына жолдаған депутаттық сауалында айтқан сөзі)

”

ционарларда дерт жұқтырған аналардан 17 сәби дүниеге келді. Дәл қазір елордада коронавирус жұқтырған 112 жүкті әйел бар. Соның ішінде 79 әйел стационарларда жатыр. Осы жылы 12 маусым-

нан бастап кереует қорын қайта профилдеу бойынша кереует санын 300-ден 705-ке көбейту мүмкін болды. Осыған орай ауру жұқтырған жүкті әйелдерді босандыру үшін бөлек босандыру үйін



немесе ковид перинаталды орталығын ашу көзделуде. Сонымен қатар бас әскери госпиталь провизорлық стационар ретінде ашылмақ.

С.Қисықова коронавирус пандемиясына көзқарасты өзгертіп, сақтық шараларын елемеуді тоқтату керектігін ескертті. Себебі әлі күнге елордалық тұрғындар арасында оның қаншалықты

қауіпті екенін жете түсінбей жүргендер бар. Италияда емханаларда орын жетпей, науқастарды дәлізде емдеуге тура келгендігін, жасанды өкпе аппараттары мен мамандар жетіспей қалғанын еске салған ол италияндық осы сценарий біздің елімізде де қайталанбасын десек, айтқан сөзге құлақ тұру керектігін жеткізді.

ПАНДЕМИЯ ҚҰРЫЛЫСТЫ ТОҚТАТҚАН ЖОҚ

» Елордада биыл спорттық, мәдени және діни ғимараттар саны артады. Жақында қандай нысандар пайдалануға берілетіні туралы Нұр-Сұлтан қаласы Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы хабарлады.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Бұл – елорда үшін маңызды нысандар. Қазір құрылыс жұмыстары тоқтаусыз жүріп жатыр. Пандемия көптеген салалардың жұмысын баяулатса да, құрылыс бағытында қажетті шаралар қабылданды, – Нұрлан Уранхаев. Халық жуырда игілігін


көретін нысандарға тоқталсақ, Тұран даңғылы және №26 мен Е51 көшелері қиылысында жеңіл атлетикалық спорт кешені бой көтереді. Манеж 7 мың көрерменге есептелген. Тиісті жоба бойынша онда жеңіл атлетикадан әлемдік деңгейдегі жарыстарды өткізуге болады. Ғимарат барлық инфрақұрылыммен қамтылады.

Ішінде қонақ үй де болады.

23-15 көшесі бойында, А.Байтұрсынов пен Ж.Нәжімеденов көшелері арасында Қазақ драма театрының құрылысы аяқталып қалды. Үлкен зал 640 орынға, ал кіші зал 202 орынға шақталған. Мәдени ошақ құрылысы қарқынды жүргізіліп жатқан «Мыңжылдық» аллеясының көрнекті, сәнді орындарының біріне айналады.

Қабанбай батыр мен Мәңгілік Ел даңғылдарының қиылысында жаңа мешіт салынып жатар. Республика мен Орталық Азиядағы ең үлкен мешіттің құрылысы Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес жүргізіліп жатыр. Мешіт 30 мың адамға шақталған. Мешіт мұнараларының биіктігі – 130 метр.

Вирусқа қарсы қарекет



ЕЛОРДАДА КҮН САЙЫН 4,5-5 МЫҢНАН АСТАМ ТЕСТІЛЕУ ЖҮРГІЗІЛЕДІ. БАРЛЫҒЫ 180 МЫҢНАН АСТАМ. КАРАНТИН БАСЫНДА ҚАЛАДА БІР ЗЕРТХАНА ЖҮМЫС ІСТЕГЕН БОЛСА, БҮГІН ОЛАРДЫҒА САНЫ 5-КЕ ЖЕТТІ, ЖАҚЫН АРАДА ТАҒЫ ДА 3 ЗЕРТХАНА АШЫЛАДЫ.

Жұқпалы аурулар ауруханасының, провизорлық, карантиндік стационарлар және қалалық жедел медициналық көмек станциясының 2 мыңнан астам қызметкері 1,5 млрд теңге көлемінде үстемеақы алды. Медициналық қызметкерлерге қонақ үйлерде, орталықтандырылған тасымалдау және тамақтану қамтамасыз етілді.

Қалалық жедел штаб өз жұмысын жалғастыруда, оның міндеті – тәулік бойы жүргізілетін жұмыстарды үйлестіру.

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды бақылау үшін "Е-Карантин" ақпараттық жүйесі әзірленді.

Қала аумағында бірнеше кезеңде дезинфекция жүргізілді.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

ҚЫТАЙ МЕН ҮНДИСТАН ҚАҚТЫҒЫСЫ

» Қытай мен Үндістан арасындағы шекараның даулы бөлігінде екі ел сарбаздары арасында қақтығыс болып, кемінде 20 сарбаз қаза тапты. Батыс ақпарат құралдарының жазуынша, бұл – соңғы 45 жыл ішінде екі ел арасына алғаш рет болып отырған қарулы қақтығыс. Оқиға Үндістанның Ладакх облысында болған.

Калиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Үндістан әскери жағы 16 маусым күні «Дүйсенбі күні кеште Ладакх өңірінде Қытай мен Үндістан әскерлері қақтығысып, екі жақтан да адам шығыны болды. Үндістанның 3 әскері мерт болды. Оның бірі – офицер, екеуі – қатардағы жауынгер» деп мәлімдесе, сейсенбі күні Үндістан әскерінің ресми өкілдері жаратқан 17 сарбаз көз жұмғанын, жалпы 20 адам қайтыс болғанын хабарлады. Ал қытай жақтан 5 әскер қаза тапты деген сыбыс бар. Бірақ бұл туралы Қытай тарапы ресми мәлімдеме жасаған жоқ.

Соғыстың неден басталғаны әзірше белгісіз. Үндістанның Сыртқы

істер министрлігі Қытайды Галван өзені маңындағы үнді-қытай шекарасының даулы бөлігінде өткен аптада келісілген шекара сызығы туралы келісімді бұзды деп айыптады. Қытай СІМ өкілінің айтуынша, 15 маусымда «үнді сарбаздары қытай шекарасын екі рет кесіп өтіп, қытай сарбаздарын шабуыл жасауға итермелеген».

Франция БАҚ-тары Үндістанның аты-жөнін айтқысы келмеген бір әскери мансаптысының сөзінен цитат алып, бұл жолғы қақтығыста мылтық атылмаған, екі жақ таспен және сойылмен бір-біріне шабуыл жасаған деп мәлімдеді.

Үндістан мен Қытайдың екі ел шекарасындағы таласты аймақта әскерін көбейтіп, қару-жарағын

сайлап, бір-біріне дөңайбат танытып тұрғанына бір айдан асты. Осы айдың басында екі жақтың генералдары кездесіп, мәселені келіссөз арқылы шешуге келісіп, Қытай әскерлері артқа 2 шақырым, ал Үнді әскерлері бір шақырым шегінген болатын. Алайда екі жақ та содан бері шекараға әскер тасуын тоқтатқан жоқ болатын. Оның ақыры, міне, қақтығысқа ұласты.

Үндістан мен Қытайдың ортақ шекара ұзындығы 3440 шақырымды құраса, екі елдің таласып отырған жер аумағы 120 мың шаршы шақырымнан асады. Ұзақ уақыт Ұлыбританияның отары болған Үндістан 1947 жылы тәуелсіздік алып, Үндіс одағы мен Пәкістан мемлекеті құрылды. 1950 жылы



Үндістан одағы Үндістан Республикасына айналды. Ал Қытай халық республикасы 1949 жылы құрылды. Екі ел 1950 жылы дипломатиялық қатынас орнатып, біраз уақыт «Қытай мен Үндістан халқы бауырлас» деп тату тұрды. Алайда Қытайдың Тибет жеріне кіруімен екі ел арасы сабындай бұзылды да, Үндістан 1951 жылы тибеттер қоныстанған Тауанг өңірін өз тәуелділігіне енгізсе, 1953 жылы Тибеттің батысындағы 90 мың шаршы шақырым жерді басып алды. 1954 жылы Үндістанның оңтүстік-шығыс шекара өңірін

иеленіп алуы екі ел арасындағы қайшылықты тіпті асқындыра түсті.

1960 жылы сәуірде екі елдің премьер-министрлері Жаңаделиде шекара мәселесі жөнінде келіссөз өткізді. Алайда келіссөзден ешқандай нәтиже шықпады. Мұның соңы 1962 жылғы Қытай-Үндістан соғысына ұласты. 1962 жылы 20 қазаннан 21 қарашаға дейін жалғасқан бұл соғыста 1300-ден астам үнді әскері мерт болып, 1000-нан астам жауынгер жараланды. Ал Қытайдың 722 әскері жазым болып, 1700 әскері жараланды.

АҚШ: 200 МЫҢ АДАМ КӨЗ ЖҰМҒЫ МҮМКІН

Әлемде коронавирус жұқтырғандардың саны бойынша көш бастап тұрған АҚШ індеттің екінші толқынына дайындалып жатыр. Ресми дерек бойынша бұл елде 2,1 миллион адам індет жұқтырып, 117 мың адам көз жұмды. Пандемиямен 2 айлық күрестен кейін бұл елде індет жұқтырғандар саны азая бастаған еді. Алайда қара нәсілді жігіттің сақшылардың қолынан қаза табуына байланысты туылған наразылықтан кейін індет қайта өршіді. Сонымен қатар дерттің қайта өршуіне шектеу шараларының босаңсуы да себеп болды. Осы жағдайға байланысты сарапшылар бұл елде қазан айына дейін коронавирустан қайтыс болғандар саны 170 мыңға жетуі мүмкін десе, кейбір мамандар бұл көрсеткіштің 290 мыңға дейін артуы да ықтимал дейді.

ІНДЕТ КҮРТ КӨБЕЙГЕН ТӨРТ ЕЛ

Індет жұқтырғандардың саны жағынан АҚШ-тан кейінгі орындарда тұрған Бразилия, Ресей, Ұлыбритания, Үндістан елдері қатерлі дерттің алдында еш қайран қыла алмай отыр. Әсіресе, Бразилиядағы эпидемиологиялық жағдай өте қиын. Пандемия басталғалы мұнда 46 мыңнан астам адам вирустан көз жұмып, инфекциядан болған өлім-жітім бойынша әлемде екінші орынға шықты. Вирус жұқтырғандар 1 миллионға жуықтады. Алайда ауырғандар саны бұдан да көп болуы мүмкін. Өйткені Бразилия үкіметі ел арасында жаппай тестілеу жүргізбеген. Мамандар бұл елде індеттің асқынып кетуіне себепті биликтің бастапқыда індеттің өте қатерлі екеніне сенбей, уағында карантин шараларын енгізбегенімен



байланысты деп отыр.

Ресейде жарты миллионнан аса адам індет жұқтырып, 7200 адам көз жұмса, Үндістанда да індет жұқтырғандар күн сайын молайып, 350 мыңнан асты, 9900 адам көз жұмды. Ал Ұлыбританияда індет жұқтырған 300 адамның арасынан 42 мың адам бақилық болды.

ҚЫТАЙДА ІНДЕТ ҚАЙТА ӨРШІДІ

Қытай астанасы Бейжінге де COVID-19 шалдыққандардың саны артып барады. Өткен тәулікте 31 адам індет жұқтырған. Қала бойынша 137 адамның жаңадан індет жұқтырғаны анықталды. Бұл реткі індет Бейжін тұрғындарының 70 пайызын азық-түлікпен қамтамасыз ететін Шин-

фади ауылшаруашылық базарынан байқалды. Қытай мамандарының бір бөлімі вирус ет пен теңіз өнімдерінде ұзақ сақталған болуы мүмкін десе, кейбір мамандар вирус АҚШ-тан енгізілген ақсерке балығынан тарады деп отыр. Сонымен қазір бұл балық түрін сатуға уақытша шектеу қойып, базарды жапты. Астананың бір қыдыру аумағында коменданттық сағат енгізіліп, мектептер, балабақшалар жабылды.

ДЕРТТІҢ ШИПАСЫ ТАБЫЛМАЙ ТҰР

Қытай мамандары коронавирус алдымен өкпені зақымдайды деп мәлімдесе, кейін Италия мамандары вирус жұқтырған адамдардың қанының қоюланып, тромбтардың пайда болуы

да өлім қатерін арттыратынын мәлімдеді. АҚШ ғалымдары бұл инфекция адамның жүйкесіне де қатты әсер ететінін, кейбір науқастардың барлық ағзасын зақымдайтынын да анықтады. Алайда дертке ем болатын дәрі әлі жасалған жоқ. Тек Австралия ғалымдары ойлап тапқан жаңа дәрі коронавирус жұқтырған науқастарға оң әсер етеді деген үміт бар.

Ал вакцинаның қашан дайын болатыны да бей-мәлім. Әлемдік баспасөз беттерінде аталған вирусқа қарсы вакцина дайын болып қалды деген ақпараттар тарағанмен, бірде-біреуі қолданысқа енген жоқ. Оксфорд университетінің ғалымдары жылдың аяғына дейін вакцина дайын болады деп мәлімдеді.

Ал Британия коронавирусына қарсы вакцинаны сынау үшін 56 миллион доллардан астам қаржы бөлді. Қытай да жыл соңына дейін вакцинаны нарыққа шығаруға жанталасып жатыр. 17 маусым күні Қытайдың «Халық газеті»-нің wechat парақшасында Ухань биологиялық зертханасы зерттеп ашқан вакцина алғашқы клиникалық сынақтан сәтті өткенін, тірі вакцинаның сәтті жетілдірілгені хабарланды.

ҚАЗАҚСТАН: ХАЛЫҚ БЕЙҒАМ, АЛ ІНДЕТ БЫРЫҚ БЕРМЕЙ БАРАДЫ

17 маусым сағат 12-дегі жағдай бойынша елімізде 15542 адам індет жұқтырып, 88 адам қайтыс болды. 9647 адам емделіп шықты. Алайда емделіп шыққан-

дардың арасында қайталай тест тапсырғанда оң нәтиже көрсетіп жатқан науқастар да бар.

4 маусым күні Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов коронавирустан қайтыс болғандар тізіміне кірмеген 37 өлім тіркелгенін айтқан. Қайтыс болған адамдарда вирус болған, бірақ өлім себебі басқа деп көрсетілген. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әлем елдеріне қайтыс болған адамнан COVID-19 анықталса, басқа қандай ауруы барына қарамастан марқұмды коронавирустан көз жұмғандар статистикасына енгізу керек деп отыр. Былайша айтқанда, ДДСҰ хаттамасында «COVID-19 вирусынан келген өлім басқа бір ауру түріне (мысалы, обирға) телінбеуі тиіс әрі COVID-19-дың барысын қиындатты деп саналған бұрынғы дерттерінен бөлек қарастырылуы керек» делінген. Алайда ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жоғарыда айтқанымыздай, індет жұқтырып, бірақ басқа қосымша аурудан қайтыс болғандарды ресми тізімге қоспай отыр.

Оның үстіне, Қазақстан вирус табылған адамдарды індет белгілерінің бар-жоғына қарай «ауырғандар» және «тасымалдаушылар» (ауру белгілері жоқтар) деп бөліп, екі бөлек санақ жүргізіп келеді. Соңғысы ресми статистикада көрсетілмейді. БАҚ беттеріндегі деректерге қарағанда, елімізде ауру белгісі жоқ «тасымалдаушылар» саны 5000 адамға жуықтаған. Демек, індет белгісі бар-жоқ деп бөлмей санағанда елімізде індет жұқтырғандардың саны 20 мыңнан асты деген сөз.

Соңғы күндері елге белгілі ірі лауазымды тұлғалар да індетке шалдықты. Ем алып жатыр. Осы жағдай елді сақтандырса екен.

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Ең алдымен жас кәсіпкерлердің өз кәсібін қалай бастағаны қызық.

– Сүлейман Демирель университетін инженер мамандығы бойынша оқып жүріп, ағам екеуіміз интернет кафе аштық. 2008-2009 жылдары сайт құрастыру, платформа, IP телефониямен айналыса бастадық. 2010 жылы Азияда кезінде колл-центр жасақтадық. Саммит өткенде де өз үлесімізді қостық. 2012 жылы «Көркем телеком» компаниясын аштық. Ол кезде үлкен қалалардағы жолдарға орнатылған бақылау камералары Ресей, Қытай компанияларының болды, олардың кешені де, сервистік қызметі де қымбат екенін білдік, әрі біздің климатқа сай емес, «біз өз нарығымызды неге өзгерлерге беріп қоямыз?» деген ой болды, міне, осылайша «Сергек» жобасы дүниеге келді. «Сергек» біздің елдің заңдарын, полиция жұмысын ескере отырып құрастырылды. Мемлекет тарапынан қолдау бар, гранттар, бағдарлама акселераторы болды. 2010 жылдары сол бағдарламаларды қолдандық, бүгінгі таңда қалыптасқан компания ретінде басқа деңгейде әріптестіктеміз.

– Бастапқыда қандай қиындықтар болды, әлде бірден жұмыс жүріп кетті ме? Қазір компанияда қанша адам жұмыс істейді?

– Біз бизнесті бастағанда үлкен қаржымен емес, ең төменгі баспалдақтан бастадық, ол кезде пәтерімізді кепілдікке қойдық, көлігімізді саттық. Ал қазіргі кезде инвесторларымыз бар, әрине, олар дайын жобаға келді, ал ол кезде біз өз күшімізге сендік. 2008 жылы бізде компанияда 3-5 адам болса, 2017-де 50 қызметкер болды. «ЭКСПО» көрмесі кезінде ол кездегі қала әкімі Ә.Исекешевке таныстырылған «Сергек» камералары қанатқақты жоба ретіндегі өз жұмысын «ЭКСПО» шарының айналасында бастады. Бүгінде 300-ден астам қызметкеріміз бар, Алматы, Шымкент, Атырау, Өскемен яғни «Сергек» жүйесі бар қалаларда кеңселер ашылған. Өз өнімдерімізді экспортқа шығарамыз, Өзбекстан, Украинамен мемлекеттік деңгейде әріптестік орнаған.

– Жобаның атын «Сергек» деп кім қойды? Өзіңіз Омбыда дүниеге келіпсіз, әлде жобаның да, компанияның атауын да қазақша қой деп біреу кеңес берді ме?

– Компанияның атын «Көркем телеком» деп өзіміз қойдық. «Сергек» жүйесінің атын да өзім ойлап тауып қойдым, оның мағынасына мән бердік. Жалпы өзім қазақша сөздерге қызығамын. Қазір «Сергек» деген атау жаңа мағынаға ие болған, халық арасында әлі «Сергек» бара қоймаған басқа қалалардағы бақылау камераларын да «сергек» деп атау әдетке айналғанын көреміз.

– Соңғы кездері елордада жол-көлік оқиғаларының азаюына «Сергек» жүйе-



«СЕРГЕК»

СЕРГЕК БОЛУҒА ҮЙРЕТЕДІ

сінің әсері бар деген пікір айтылады. Әсіресе, полиция департаменті осындай мәлімет келтіреді.

– Нұр-Сұлтан қаласында 700 жол кешені бар. Жалпы бұл «Сергек» жүйесі жүргізушілерге ереже бұзбауға мотивация береді, бұзса айыппұл келеді, ол жерде «нөлдік төзімділік» пен «жазадан жалтармау» қағидасы бар. Тек қана жол ережесін бұзу емес, құқықбұзушылық статистикасын келтіруге болады. Мысалы, ай сайын мәлімет алған кезде Нұр-Сұлтан қаласында жолдан қаза тапқандар туралы нақты статистиканың соңғы жылы екі есеге азайғанын көреміз. Ол – өте жақсы көрсеткіш. Нұр-Сұлтанда көлік жүргізу мәдениеті, жолда жүру менталитеті өзгергені байқалады. Жылдамдықты асырмау – бұл ең бірінші көрсеткіш. Адам мас болса да жылдамдықты арттырмаса, үлкен жол апаты болмайды. Жол апаттарында ең басты фактор – жылдамдықты асыру болып есептеледі.

– Бастапқыда «Сергекке» қарсылық болғанын білеміз, тіпті камераларды сындырып кеткен жағдайлар кездесті. Неге бұлай болды?

– Ол жерде біздің де кінәміз болды, халыққа дұрыс мәлімет бере алмадық, түсінік жұмыстары жүргізіл-

меді, кей адамдар «Сергекті» тек қана айыппұл үшін қондырылды, ақша жекеменшік компанияға кетеді деп ойлайды. Айыппұл мемлекетке төленеді. Біздің басты мақсатымыз – жол апатын, өлім санын азайту, азаматтардың өзін қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік жасау, ата-аналар балаларын мектепке, балабақшаға жібергенде жолдағы қауіпсіздік үшін қорықпауы керек. Сонымен бірге «Сергек» камералары арқылы алимент не салық төлеуден жалтарып жүргендер де ұсталды.

– Білуімізше, компания құрып, осы жобаны бастауда ағаңыз Қайрат Ахметовтың ролі ерекше екен.

– Ағам Қайрат Ахметов Павлодар қаласындағы қазақ-түрік лицейінде физиканы терең оқып, Италия, Индонезия, Англияда өткен халықаралық олимпиадаларға Қазақстанның атынан қатысып, медальдарға ие болған. Кейін Мәскеу физико-техникалық институтында оқыды, ең соңғы Нобель лауреаттары сол институттан шыққан. Ағамның ойлау қабілеті ерекше. Әкеміз инженер, азамат педагог болғандықтан білімге мән берді, мен де сол қазақ-түрік лицейінде оқыдым.

– «Сергектің» басқа елдердегі осындай жүйелерден айырмашылығы неде,

алмайды, олардың жиынтықтары (комплект) ішінде батарея, байланыс блок есептелмейді екен, өйткені оларда жер астынан ұзын оптикалық кабель, электрокабель келетіндіктен, бір жерден екінші жерге қоюға мүмкіншілік жоқ. «Сергек» жиынтығында барлығы есептелген, қай жерге қойғын келсе де сегіз сағаттың ішінде орната аласың. Ағашқа да ілуге болады. Сол – инновация. Былайша айтқанда, Еуропада жол бойында оптика, интернет, электр бар, Қытайда да мемлекеттік деңгейде инфрақұрылым бізден біраз жоғары, ал біздің жүйе Қазақстанға ыңғайланып жасалған. Бұл жағынан инфрақұрылымы Қазақстанға жақын елдерде бәсекелестік артықшылық бар деуге болады. Келешекте Қазақстанның әр қаласында ғана емес, ауылдарда осы жүйені құрастыру жоспарда бар.

– Бизнесмен ретінде айтыңызшы, қазіргі таңда қаражатты бизнестің қай түріне салған дұрыс?

– Кейде маған келіп, ақшаны қайда салуға болады деп сұрайды. Меніңше, адам қай саланы жақсы біледі, қай саланы меңгерген болса қаражатын сонда салуы керек. Өзің білетін саланың мүмкіндіктерін пайдаланып, кездесетін қиындықтарын болжауға болады.

– IT суверенитет яғни тәуелсіздігі туралы бірер сөз...

– IT суверенитет туралы айтатын болсақ, компьютерлік көру деген бар. Мысалы, сіз Қытай, Америка, Еуропа арасында бәсекелестік барын білесіз, камера болсын, телефон болсын дамыған, мысалы, планшеттен Гугле кіресіз, телефонды сатып алғанда хабарламаларды оқуға оған рұқсат бересіз, демек, Гугл сіз туралы бәрін біледі. Әрине, біз мемлекеттік деңгейде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін халықаралық корпорацияларды кіргізе алмаймыз, оның бәрине мұқият болу керек. Сондықтан біз өзіміздегі бағдарлама, алгоритмдерді мемлекеттен аттестациядан өткенде құзырлы органдарға ашып көрсетеміз, біз қазақстандық өнім болғанын бұл міндетті болмаса да ашып көрсетеміз, кодта тыңшылық әрекет жоқ. Ал біздің орнымызда шетелдік камера болса, олар сізге ашып көрсетпейді. Жалпы «компьютерлік көру» дегеннің өзі ерекше, мысалы, сіз компьютер алдыңыз, оны интернетке байламайсыз, компьютер қауіпсіздігіне кепілдігіңіз бар, ешқайда деректеріңіз шықпайтынына сенімсіз, бірақ, компьютердің көруі бар – камераның бір жерінде портал ашық болуы мүмкін. Оны жапсаңыз да, ол көреді. Оның жұмысы – бақылау. Сондықтан біз өз тарапымыздан алгоритмдерді көрсетуді дұрыс санаймыз. Осы себептен Қазақстан үшін «Сергек» сияқты жүйені жүзеге асыратын компанияның отандық болуы маңызды.

– Компания маман мәселесін қалай шешеді, IT мамандары жеткілікті ме?

– Қазақстан IT мамандарына зәру. Менің осы салаға аса жетік көп достарым шетелде, жақсы білім алсаң шетелге шыға аласың, жақсы айлық табасың. Маман тапшылығы бізге әлеуметтік жауапкершілік жүктейді. Мысалы, біз алгоритмді Үндістанда жасасақ ол екі есе арзан болар еді, бірақ, біз оны екі есе қымбатқа Қазақстанда жасадық, сөйтсек қана елімізде маман пайда болатынына көз жеткіздік. Бірнеше техникалық директор Booking-те жұмыс істейді, біз де инновациялық корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға жұмыс істей бастадық. Біз қызметкерге ертеден кешке дейін тек қана жұмыс істе демейміз, ол жұмысын өз қалауымен еркіндікте шабыттты істеуі керек. Неге мамандар Google, Booking баруға құштар, онда жұмыс кесте деген жоқ, өз еркінше жасайды, біз де сол бағыттамыз, жұмыста тамақ беріледі, спортзалдар бар, кітапхана бар, маман курсқа оқи алады, біз батыс стандартын таңдап отырмыз. Батысқа шыққан мамандарды қайтару мақсатында жұмыс істеп жатырмыз. Қазақстандық IT нарығында маман аз, шетелге кетіп қалғандардың көбі азаматтығын ауыстырмаған, сондықтан оларды қайтаруға мүмкіндік бар деп есептеймін. Әрине, әлемдік корпорацияларда, мысалы, Еуропада жақсы маман 5-6 мың евро айлық алады, біздің елде ондай айлық бере алмаймыз, бірақ, әр азаматтың бойында патриоттық сезім, осы елдің қуатын көтеру ниеті болу керек деп есептеймін. Елге қызмет ету керек.

– Пандемия кезінде «Сергек» жүйесі елге қандай пайда әкелді?

– Индет кезінде «Сергек» бойынша көп жұмыс істелді, бір ай бойы ұйықтамадық десек те болады. Блокпосттарда бастапқыда қағаз журналға қаламмен жазып отырды, оны қалаға әкеледі, оны толтырып есеп береді, бұл тиімсіз, нәтижесі нөл, оны көріп отырып көмектескіміз келді, күшіміз, мамандарымыз болғандықтан арнайы қосымшаны тегін жасап бердік. Қосымшаның арқасында полиция қызметкерлері адамдармен жақын байланысқа түспей-ақ жеке куәліктегі штрих-кодты планшеттің камерасы арқылы сканерледі. Солай блокпосттан өтерде планшет арқылы бірнеше секундта деректер полиция департаментіне түседі. Бизнес үшін ақша табу басты мақсат болғанымен, қиын кезде елімізге көмектесуді парызымыз деп санадық. Пандемия кезінде 6-7 жүйе жасап енгіздік. Мәскеуде пандемияға қарсы қосымшалар сәтсіз болғаны туралы интернеттен таба аласыз, ал біздің Қазақстанда бұл нәтижелі болды деуге болады. Бұл жерде азаматтардың жеке куәлігінде штрих кодтың болуы пайдаға асты, ал бұл штрих код басқа елдерде жоқ, бұл жағынан біз оздық.

– Компания маман мәселесін қалай шешеді, IT мамандары жеткілікті ме?

– Қазақстан IT мамандарына зәру. Менің осы салаға аса жетік көп достарым шетелде, жақсы білім алсаң шетелге шыға аласың, жақсы айлық табасың. Маман тапшылығы бізге әлеуметтік жауапкершілік жүктейді. Мысалы, біз алгоритмді Үндістанда жасасақ ол екі есе арзан болар еді, бірақ, біз оны екі есе қымбатқа Қазақстанда жасадық, сөйтсек қана елімізде маман пайда болатынына көз жеткіздік. Бірнеше техникалық директор Booking-те жұмыс істейді, біз де инновациялық корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға жұмыс істей бастадық. Біз қызметкерге ертеден кешке дейін тек қана жұмыс істе демейміз, ол жұмысын өз қалауымен еркіндікте шабыттты істеуі керек. Неге мамандар Google, Booking баруға құштар, онда жұмыс кесте деген жоқ, өз еркінше жасайды, біз де сол бағыттамыз, жұмыста тамақ беріледі, спортзалдар бар, кітапхана бар, маман курсқа оқи алады, біз батыс стандартын таңдап отырмыз. Батысқа шыққан мамандарды қайтару мақсатында жұмыс істеп жатырмыз. Қазақстандық IT нарығында маман аз, шетелге кетіп қалғандардың көбі азаматтығын ауыстырмаған, сондықтан оларды қайтаруға мүмкіндік бар деп есептеймін. Әрине, әлемдік корпорацияларда, мысалы, Еуропада жақсы маман 5-6 мың евро айлық алады, біздің елде ондай айлық бере алмаймыз, бірақ, әр азаматтың бойында патриоттық сезім, осы елдің қуатын көтеру ниеті болу керек деп есептеймін. Елге қызмет ету керек.

Сұхбаттасқан Жадыра ШАМҰРАТОВА

» Бас қалада самаладай самсыған ғимараттардың сәулетінен көз сүрінеді. Дегенмен қаздай тізіліп сап түзеген сол ғимараттардың арасында сырты жалтырап, іші қалтырап тұрғандары да жоқ емес. Құрылыс сапасын тексеріп өткізіп алатын орындармен ымыраласып, көз бояушылықпен тапсырылып кететін құрылыстар да бар. Соның бірі – Есіл ауданына қарасты «Тұлпар Элит» тұрғын үй кешені.

«ТҰЛПАРДЫҢ» СЫНЫ КЕТІП ТҰР



Қалиакбар
УСЕМХАНҰЛЫ

Мәңгілік ел даңғылы мен Орынбор көшесінің қиылысына орналасқан бұл тұрғын үй кешені 2015 жылы пайдалануға берілген. Құрылысты «Альтаир СК7» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі салған. 160-тан аса отбасы тұратын бұл кешендегі үйлердің жалпы сапасы жаман емес. «Алайда құрылысты салған компания кешенді тапсырған кезде соңғы жұмыстарын толық аяқтамай тұрып, тапсырып жіберген» дейді тұрғындар.

Айттып-айтпай, тұрғын үй кешенінің атағы алатаудай болғанымен, қазіргі жағдайы көңіл

көншітерлік деңгейде емес. Қасбеттің жапсырмасы түсіп жатыр. 5-6 қабаттық ғимараттың дөдегесіндегі түскелі тұрған кірпіштерге байланысты ПИК ешқандай қауіпсіздік шараларын қолданбаған. «Біреудің басына түсіп жазым қыла ма деп алаңдаймыз. Бала-шағаның басына түссе тіл тартпай кетеді ғой. ПИК-ға айта-айта жалықтық» дейді тұрғындар құлаған кірпіш түсіп майысып кеткен қоршау темірлерді көрсетіп.

Үйдің сыртындағы кірпіштері ғана емес, екі бағыттан кіретін баспалдақтар да ұзын уақыт күтім көрмегендіктен, күн жеп, жел жеміріп тозып кеткен. Балалар алаңқайының да әбден

тозығы жеткен, қоршауының діңгектері сынып, құлағалы тұр. «Баспалдақтардың кірпіштері құлап жатқанына көп уақыт болды, ПИК-тен қайыр болмаған соң, жұмысшыны өзіміз тауып әкеп жасатып жатырмыз. Қоршау темірлерді де өзіміз орнатып, өзіміз сырладық» дейді Құдайберген Тұрсын.

– Бұл тұрғын үй кешеніне жауапты кооператив 5 жылда қоқысты тазалап, қыста қарын шығарғаннан басқа ешқандай жұмыс істемейді. Тұрғындар төлеуге тиісті қаражаттарын уағында төлейді, ал бұлар ақшаны алады да, кешенде күтімдеу жұмыстарын жүргізбейді. Бір отбасы ай сайын орта есеппен

15 мың теңгеден тапсырады десек, 160 түтіннен ай сайын 2,5 миллион ақша түседі ПИК-қа. 5 жылдан бері жиналған сол ақша қайда? Автотұрақтың да төбесінен жазда жаңбыр, жазғытұрым еріген қардың суы өтіп, әбден сиқы кетті. Тұрақ ішіндегі дәретхананың сасыған иісі қолқаны қабады. Қауіпсіздік қажеті үшін қалдырылған екі есіктің бірін біреулерге сатып жіберген. Олар қазір көлік жуу орнын ашты. Алда-жалда өрт шықса, осынша көп машина жалғыз есіктен қалай шығып үлгереді? – деді аталған тұрғын үй кешенінің тұрғыны Күнсұлу Боранбайқызы.

– Құрылысты тапсырған кезде өрт қауіпсіздік мәселесін қадағалап тексеріп өткізіп алмаған. Өрт сөндіретін жабдықтар бір бұрышта үйіліп әлі жатыр. Ең үстіңгі қабат техникалық қабат болуы керек қой, ол да тұрғын үй ретінде басқаларға сатылып кеткен. Сонда еліміздің заңы қайда қалды? Қауіпсіздік талаптары қайда? – дейді кешен тұрғыны Қанат Аманов.

Біз аталған тұрғын үй кешеніне жауапты ПИК бастығын неше рет іздеп барсақ та кездесе алмай, телефонмен тілдестік. Алдымен аты-жөнін ашық жазудың керек еместігін айтқан ол сұрақтарымызға да келте жауап

қайырды. «Қасбеттерге жапсырылған кірпіштерді заң бойынша 4 жылда бір тексеру керек. Біздің тұрғын үй кешені де өткен жылы тексерістен өтті. Ал өрт болған жағдайда автотұрақтағы көліктердің көлік жуу орны арқылы сыртқа шығуына кедергі жоқ. Екі бірдей есікті ашып қойсақ, ол бізге де шығын. Ең үстіңгі қабаттағы үйлер жайлы мен ештеңе білмеймін» деді ол.

Сонымен қатар, тұрғындар үй төбесіне әртүрлі антенналардың тұрғындардың рұқсатынсыз орнатылғанын, үй төбелеріне мұндай құрылғыларды орнатудың адам денсаулығына өте зиянды екенін алға тартып, оларды алып тастауды талап етіп отыр. Тұрғын үй кешенінің астынан ресторан ашқан әлдекімдердің бірде-бір тұрғынның рұқсатын алмай, оның алдынан қоршау жасап, үстелдер қойып, жаяулар жолын бекітіп тастаған. Міне, осы жағдайлардың бәрін жіпке тізгендей айтып, бір-бірлеп көрсеткен тұрғындар аудан, қала әкімдігінен көмек күтеді.

Әкімшіліктен арнайы келіп тексеріп, мәселені шешіп берсе дейміз. Қала әкімдігі шаһардағы көптеген проблемалы үйлердің мәселесін шешіп жатыр ғой, біздің тұрғын үй кешеніне де ат басын бұрып, талабымызды тыңдаса, – дейді тұрғындар.

ӨМІР НЕГЕ КҮРТ ӨЗГЕРДІ?



» Қазіргі уақытта бай болуды, шетел асып, қымбат үйде тұруды кім аңсамайды? Арманның жетегінде елес қуып, толысқан азамат болса да өмірде әртүрлі соқпақты жолдарды таңдайды. Жеңіл өмір сүріп, қамсыз-қайғысыз тірлік кешіп, қалауына қиналмай қол жеткіземін деген ой қыздардың санасына сіңіп қалғандай.

Сондай келіншектердің бірі – Айша. Он үш, он төрт жасында дінге деген қызығушылығы артып, діни ақпараттарды өзінен екі жас үлкен ағасынан алып, оның айтуы бойынша құлшылық жасауды үйрене бастайды. Он алты жасында

тұрмысқа шығып, екі қызды өмірге әкеледі.

Уақыт өте келе ағасы өз жамағатымен Шам еліне аттанып, қарындасын мұсылман бауырларға көмек көрсету үшін шақырады. Шақыру алған Айша көп ойланбастан отба-

сын тастап, Шам еліне жол тартады. Кезекті соғыс алаңында туған ағасының қайтыс болғанын естіп есінен айырылады. Арманның алдағанын, қиялының құм болғанын біраз уақыт өткеннен соң сезіне бастайды. Туған бауырынан қапы-

да айырылып, қайғыдан қара жамылған Айша, уақыт өте келе басқа ер-азаматтың қолдауына мәжбүр болады. Жалғыз жүру шариятқа сай келмейді деген желеумен ағасының досы Айшамен некелеседі. Некелескен азаматы көп ұзамай соғыс алаңында қаза тауып, басқа ер азаматпен тағы некесін қидыруға мәжбүр болады. Некелі әйел болса жеуге ас, киерге киімі табылады. Осылай күн артынан күн, ай артынан ай өтіп жатты. Шам еліндегі екінші некесі де сәтсіз аяқталып, төрт баламен жесір қалады. Жесірлік өмірдің тауқыметін тартқан Айша шырылдаған жетімдерге азық табуы қиындап, табылған азықпен күн көріп, аштан өлмеу үшін тамақ ретінде көкжелек шөпті де жейді.

Азапты өмірден баз кешкен ол Отанға қайтудың амалдарын іздестіре бастайды. «Жусан» операциясы арқылы елге қайтып, туған жердің топырағына жетіп қуаныштан көз жасына ерік беріп езіліп жылайды. Елде қалған жолдасы мен екі қызының сыртынан бақылап, олардың бақытты өміріне қызығумен болады. Ойлана келе бойындағы күшін жинап жолдасымен кездесуге тәуекел етеді. Қоңырау шалып кездесіп, қыздарын құшақтап, оларды тастап кеткені үшін кешірім сұрағысы келетінін

айтып түсіндіреді. Бұрынғы жолдасы ешқандай қарсылық білдірмей керісінше қыздарына анасының алыс сапардан келетінін және олардың осы күнді асыға күтіп жүргенін айтады. Көктемнің шуақты күндерінде көп ұзамай соғыс алаңында қаза тауып, басқа ер азаматпен тағы некесін қидыруға мәжбүр болады. Некелі әйел болса жеуге ас, киерге киімі табылады. Осылай күн артынан күн, ай артынан ай өтіп жатты. Шам еліндегі екінші некесі де сәтсіз аяқталып, төрт баламен жесір қалады. Жесірлік өмірдің тауқыметін тартқан Айша шырылдаған жетімдерге азық табуы қиындап, табылған азықпен күн көріп, аштан өлмеу үшін тамақ ретінде көкжелек шөпті де жейді.

Өмірінің күрт өзгеріп басқа арнаға ауысқаны, оның болашаққа деген сенімділігін арттырып, құлшынысын еселеті түсті. Айша бүгінгі күні мемлекет тарапынан қарастырылған бағдарламалар аясында ашылған шағын тігін шеберханасында жұмыс істеп, қоғамға бейімделуде.

Нұрғұл РУСТЕМ,
Нұр-Сұлтан қаласының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» ақпараттық-түсіндіру және оңалту, бейімдеу бөлімінің маманы



ТУРИЗМНІҢ ТАБЫСЫ ЕСЕЛЕП АРТУДА

» **Өзбекстанға 2019 жылы 6 748 500 турист келген, 2018 жылы бұл көрсеткіш 5 346 200 адамды құрады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша, бұл елде туристік қызметтерден түскен табыс 1 313 032 АҚШ долларға жетті (2018 жылы – \$ 1 041 089).**

Туристердің 90 пайызы – ТМД елдерінен келгендер. Жыл сайын күзде ала шапанды ағайындардың елінде Халықаралық туристік жәрмеңке ұйымдастырылады.

Әлемдік қауымдастық алдында республиканың туристік әлеуетін насихаттау мақсатында АҚШ, Жапония, Германия, Италия, Қытай, Индонезия, Ресей және тағы басқа елдердің отызға тарта БАҚ құралдарының қатысуымен түрлі шаралар өткізілді.

Жарнама ісінде дәстүрлі тәсілдермен бірге оның заманауи түрлері де қолданылады. Соның бірі, 2019 жылдың 17-21 желтоқсаны аралығында Токиода Сибуя алаңында (Жапония) Өзбекстанның туристік әлеуетін насихаттаған бейнеролик көрсетілді.

Туристерді тартуда қоғамдық-мәдени көңіл көтеру шараларының маңызын ескере отырып, өткен жылдан бері әр өңірдің өзіне тән ерекшеліктеріне орайластырылған түрлі іс-шаралар ұйымдастырыла бастады. Атап айтқанда, Бірінші қажылық туристік форумы (Бұқара облысы), «Бақсы» көркемөнер фестивалі, Археологиялық форум (Сурхандария облысы), «Батырлар ойыны» (Хорезм облысы), «Мойнақ» авторалли, Музыкальный фестиваль (Қарақалпақстан республикасы), «Стихия» ТМД туристік жәрмеңкесі (Самарканд облысы), Геотуризм форумы,

Анар фестивалі (Қашқадария облысы), Электронды музыка фестивалі, Гастрономиялық фестиваль, World Influencers Congress (Ташкент). МІСЕ-туризмді дамыту аясында өңірлерде МІСЕ-шаралар өткізуге арналған әлеуетті нысандар тексерілді, оның бірыңғай тізілімі жасалып, Meetings & Events Catalogue каталогы әзірленді. Сонымен бірге, елде туризмді дамытуға бағытталған шараларды үйлестіріп отыру үшін Конгрестік-көрме орталығы құрылды. Қонақ үйлер, шипажайлар, сауықтыру кешендерін және спорттық-рекреациялық аймақтарды салу үшін жалпы құны 1,1 миллиард доллар тұратын 26 инвестициялық жобаларды жүзеге асыру қолға алынды.

Мемлекеттік бас санитарлық инспектор Нұрмат Атабеков карантин кезінде СЭС қызметкерлері тек өндірістік процестерді ғана емес, барлық кәсіпкерлік субъектілерін алдын ала ескертіп аралап, тексеруге құқылы.

» **Өзбекстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылдың 14 маусымындағы дерегі бойынша, елде COVID-19 індетін жұқтырғандардың саны 5051 адамға жеткен. Сондай-ақ бүгінгі күнге дейін 3910 адам бұл кеселден жазылып шыққан. 19 адам қаза тапқан. Мемлекет коронавируспен күреске ұлттық бюджеттен 700 млн доллар қаржы бөлді.**



Әлі күнге дейін барлық білім беру мекемелері мен оқу орталықтарының жұмыстары шектелген. Бүгінге ко-

ронавирус табылған аймақтарда карантинді толықтай алып тастау мүмкін емес, өйткені жағдай аяқ астынан ушығып кетуі ықтимал. Сонымен бірге, «жасыл» аймақтарда жазғы лагерьлер жұмысын ұйымдастыруға рұқсат берілді.

Шет мемлекеттердің көмегі. Қытай Өзбекстанға жалпы салмағы 21,5 тонна болатын

кезекті гуманитарлық көмегін жіберді. Оның ішінде медициналық комбинезондар, KN95 беттұмшалары және қолғаптар бар.

Оңтүстік Кореядан елге 9,5 тонна жүк жеткізілді, оның ішінде 40 шприц сорғылары, 15 мың орама антисептикалық құралдар және 15 көпфункционалы медициналық төсектер бар.

ӨЗБЕК ТІЛІН БІЛУ МІНДЕТТІ

» **2020 жылы ақпан айының соңында Өзбекстан Өлеі Мәжілісінің Сенаты «Азаматтық туралы» Заңның жаңа редакциясын екінші пленарлық отырыста қабылдады. Ол туралы Өзбекстан Сенатының баспасөз қызметі хабарлады.**

ІІМ Көш-қон және азаматтықты рәсімдеу Бас басқармасының бастығы Ұлықбек Мұхамедов мемлекеттік тілді білу талабы Өзбекстан азаматтығын алғысы келген адамдардың мемлекетке, ұлтқа және елге деген құрметін арттыру тұрғысынан қарастырылғанын айтты.

«Егер АҚШ-тың, Ресейдің және басқа да елдердің халықаралық тәжірибесіне сүйенсек, қарым-қатынас деңгейінде мемлекеттік тілді меңгеру талабынан басқа, ел тарихын білу шарттары да бар» деді Ұлықбек Мұхамедов.

АЖЫРАСУ ҚЫМБАТҚА ТҮСЕДІ

» **Бұл елде ерлі-зайыптылардың ажырасуын қиындатытын жаңа бір тәсіл енгізілді. Өзбек үкіметі 2018 жылы шілде айында некені бұзу туралы талап-арызды қабылдау кезінде салынатын мемлекеттік алымды 4 есеге өсірді.**

Егер оған дейін ажырасу үшін аилық жалақының төменгі мөлшерінің (АЖТМ) 50% (92 150 сом – 4 339 теңге) көлемінде ақша төлесе, енді 2 АЖТМ (368 600 сом – 17 359 теңге) төлеуге мәжбүр.

Сонымен қатар екінші рет ажырасушылар үшін мемлекеттік алым 120% АЖТМ-нан (221 160 сом – 10 415 теңге) 4 АЖТМ-ға (737 200 сом – 34 719 теңге) дейін ұлғайтылды.

Оған қоса, Өзбекстанда ажырасу процедурасының машақаты көп. Соттар әдетте арызданып келгендерді бірден ажырата қоймайды, олардың бірнеше жылдар бойы соттың табалдырығын тоздыруларына тура келеді. Яғни ерлі-зайыптылардың қайтадан достасып кетуіне көп уақыт беріледі.

Өзбекстанда 2019 жылы 104,2 мың жұп некеге тұрып, 16 мың жұп некелерін бұзған. Яғни әрбір 6,5-ші жұптың бірі ажырасқан. Салыстыру үшін айтсақ, Қазақстанда кейінгі 10 жылда 1,5 млн адам некеге отырып, оның әрбір үшінші жұбы ажырасқан (500 мың жұп). Былтыр 37 мың қазақстандық жұп ажырасқан.

Бетті дайындаған
Дәулет АСАУОВ

ЖАҢҒЫРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯНЫ ДАМУ ЖОЛЫНДА

» **Өзбекстан Республикасының Энергетика министрлігі энергетикалық жобаларды жасаушы ACWA Power компаниясымен (Сауд Арабиясы) жалпы құны 2 млрд АҚШ доллары тұратын бірқатар келісімдерге қол қойды.**

Жоба бойынша қуаттылығы 500-1000 МВт болатын жел электр станциясын салу қарастырылған. Оның құны – 1,1 млрд АҚШ доллары. Жел электр станциясы Навойй облысында орналастырылуы мүм-

кін. Пайдалануға беру мерзімі 2022 жылға жоспарланып отыр.

Сондай-ақ осы келісім бойынша Сырдария облысының Шырын қаласында буғаз қондырғысы орнатылатын болады. Оның КПД-сы (Пайдалы

әрекет коэффициенті) 60%-дан асады.

Өзбекстан жаңартылатын энергияны қарқынды дамытып жатыр. Өткен жылдың қазан айында бұл елде күн энергетикасы бойынша жобалардың

іріктеу конкурсы аяқталды. Соның нәтижесінде Біріккен Араб Әмірліктерінің Masdar компаниясы ала шапанды ағайындардың елінде қуаттылығы 100 МВт станция салатын болып шарт жасасты.





» әл-Фараби педагогикасының түпкі мақсаты – адамдарды бақытқа жеткізу. Оның пікірінше, философия ақиқатқа жетуге ұмтылғандықтан адамзаттың бақытқа жетуіне қызмет етеді. Ол адам баласын жаратылыстың ең ұлы құндылығы деп есептеді. Әбу-Насыр әл-Фараби ақылды, пайымдағыш, мінсіз, еңбекқор отбасы үлгісін ұсынды. Бүгінгі отбасы тәрбиесі жағдайында отағасының бойынан табылуға тиісті қасиеттер ретінде бұл қасиеттер бүгінде де өз өзектілігін жоймаған.

рына ақыл-парасаттылық, көмектесу, қолдау, ұжымдасу, этникалық қайырымдылық (ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік) жатады. Ізгі қоғам адамдарында әрекетшілдік, ерлік, жомарттық, өткір тілділік, достастық, кішіпейілділік, адалдық, шынайылық, қайырымдылық болуы керек деп ұйғарды. Жеке тұлғаны қалыптастыру ұғымын ғұлама әл-Фараби былай

десе, бақытқа жеткізетін ізгіліктер: теориялық ізгілік, ойшылдық, этикалық ізгілік, практикалық (әрекеттік) өнер деп атайды. Бақытқа жеткізетін тағы бір жол – әрекет деп көрсетеді. Әрекет түрлері:

1. Адамның өзінің дене мүшелерін пайдалану әрекеттері (орнын тұру, отыру, көру, есту).
2. Жан аффектілері: құштарлық, рахат, қуаныш, ашу, қорқыныш, жа-

ҰЛЫ ҰСТАЗДЫҢ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ



Бұл тұста ғұлама әл-Фараби өзінің «Бақытқа жету жолында» деген еңбегінде отбасы басшысының ақыл-парасатының жоғары болуы ондағы өмірді дұрыс ұйымдастыруға және отбасы мүшелерін бақытты тұрмыс кешуге бастайтын басшылығында өте маңызды орынды иеленетінін сипаттайды. Сөйтіп, оны пайымдағыштық қасиетпен байланыстырады.

Отбасының негізгі қызметі өмірге ұрпақ әкелу болса, өмірге келудегі басты мақсат – бақытқа жету деп білген әл-Фараби. Мұндай көзқарастар бүгінгі ғылыми-педагогика теориясындағы отбасы қызметтерінің бірі ұрпақ жалғастырушылықты көрсетсе, өмірге келген ұрпақтың бақытты болашағын қамтамасыз ету де отбасы міндеті екендігін ескертеді. Әрбір адамның өмірде өз орнын тауып, бақытына жетуге қабілетін қалыптастыратын мекені отбасы деп көрсетеді. Оның отбасы тәрбиесі жөніндегі көзқарастары мен трактаттарындағы өсиеттері өз замандастары мен келер ұрпақ зерттеулеріне арқау болып, негізгі бағытты нұсқады.

әл-Фараби араб халифатында ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша мемлекет басқаруға лайық білім-парасаты, мінез-құлқы барынша кемелденген мінсіз адамның қалыптасуын отбасы тәрбиесінің ең бірінші міндеті деп қарастырған. Бұл – сол қоғамның өркениеттілікке жетуі үшін қажетті тұлғаның мо-

делі ретінде сипатталды. әл-Фараби мұнда туа біткен немесе жас кезінен бойына дарытылып егілетін он екі қасиеттің атын атайды.

әл-Фараби осы қасиеттердің бәрін бала бойында қалыптастыра отырып «мінсіз адамды» тәрбиелеп шығарамыз деп тұжырым жасайды. Дегенмен, әл-Фараби бұл қасиеттердің барлығы бірдей бір кісінің бойына бітіп, дари қоюы сирек болатын құбылыс екенін ескере отырып: «...жоғарыда аталған шарттардың алтауы немесе бесеуі оның бойына біткен болса, онда қиялдау қабілеті жағынан теңдесі болмағандықтан ол осы қаланың айтулы басшысы болмақ» деп, ғұлама тәрбиенің тұлғалық идеясын басшылыққа ала отырып, отбасын және ондағы тәрбиені басқару қашан да мемлекеттік мүддеге сай қойылуы қажеттігін дәлелдейді. Сонымен, ғұлама еңбектеріндегі отбасы тәрбиесін ұйымдастырудың тұжырымдамалық идеясы ізгі қоғамда орналасқан ізгі отбасы жағдайында баланың әрбір әрекетінің ізгілікке бағытталған құлқын қалыптастыруды көздейтін, тұлға тәрбиесінің ізгіліктері идеясымен айқындалады.

әл-Фарабидің ойынша, адамдардың жан жүйесіне мәдениеттілік, сыпайылық, асқан тәртіптілік, интеллектуалдық қайырымдылық (даналық, парасат, ой тапқырлығы, ұғымталдық), ал олардың өмір сүруге қажетті қасиеттерінің қата-

анықтайды: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші - бұл адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады». Бұндай тәрбиені ғұлама мемлекет пен отбасына тапсырады.

Ізгілендіру әл-Фарабидің педагогикалық идеясының негізгі өзегі болған, ғұлама білім берудің ізгілендіру ұстанымына негізделуі қажет екендігін өз уақытында ғылыми тұжырымдалған ой-пікірлерімен айқындап кеткен. Ал бүгінгі таңда әл-Фарабидің көрегендігі мен ғұламалығы дәлелденіп, он ғасыр өтсе де, жаңа білім беру, тәрбие парадигмасы ретінде ізгілендіру танылып отыр. Демек, әл-Фарабидің философиялық, саяси-этикалық, музыкалық мұраларынан ұғатынымыз мемлекет халықтың, жеке адамның рухани болмысының толыққандылығымен, тереңдігімен нығаяды.

әл-Фараби этикалық категорияларға жақсылықты, достықты, өзара көмекті, әділеттілікті, абыройды, қанағаттануды, бақытты жатқызады. әл-Фараби балаларды жүйелі оқытуға 7-8 жасынан беруді ұсынған. Білімді адамның ақыл-парасатына, мінез-құлқына әсер етіп, практикалық іс-әрекетіне пайдалы жақтарына көңіл бөлу керек деп санайды.

Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойында білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерді дарыту. Тәрбиелеу – жеке адамның кісілігін қалыптастыру деп көрсетеді. Ол тәрбие әрекетінде қатты әдіс (қатаңдық) пен жұмсақ әдісті (жұмсақтықты) ұштастыра білуді ұсынады. Адамның ар-ожданы алдында адал, шыншыл болуы – адал өзіне-өзі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізетті болуынан ғана туады, – деп көрсетеді. Ерікті түрде тәрбиелеу өнері өте-мөте көп күш керек етеді. Адамның әуелден тоқымашы... болып тумайтыны сияқты қайырымдылық пен жаман қылық та әуел бастан жаратылысынан дарымайды. ...Сөз жүзінде емес, мінез-құлықты іс жүзінде шындау арқылы іске асыруға болады, – деп түйіндеді әл-Фараби. Ғұлама бақытқа жеткізетін, негізінен, денсаулық, еңбек және білім

бырқау, күйіну, қызғаныш және сол сияқтылар.

3. Ақыл-парасат. әл-Фарабидің норма (шек) туралы қағидасын отбасында да іске асуы керек болды: шамадан тыс ауытқу – не артық кету немесе кем түсу. Мысалы, ержүректілік (батылдық, ұстамдық) – жақсы қасиет. Шектен тыс батылдық көзсіз батырлыққа, қорқақтыққа апарды. Жомарттық (үнемшілдік және ақшаны дұрыс жұмсау) – жақсы қасиет. Шектен тыс үнемшілдік сараңдыққа әкеледі. Шектен тыс артық ақша жұмсау, үнемшіл болмау ысырапшылыққа соқтырады. Білімді адамның өз уақытында ғылыми тұжырымдалған ой-пікірлерімен айқындап кеткен. Ал бүгінгі таңда әл-Фарабидің көрегендігі мен ғұламалығы дәлелденіп, он ғасыр өтсе де, жаңа білім беру, тәрбие парадигмасы ретінде ізгілендіру танылып отыр. Демек, әл-Фарабидің философиялық, саяси-этикалық, музыкалық мұраларынан ұғатынымыз мемлекет халықтың, жеке адамның рухани болмысының толыққандылығымен, тереңдігімен нығаяды.

әл-Фараби этикалық категорияларға жақсылықты, достықты, өзара көмекті, әділеттілікті, абыройды, қанағаттануды, бақытты жатқызады. әл-Фараби балаларды жүйелі оқытуға 7-8 жасынан беруді ұсынған. Білімді адамның ақыл-парасатына, мінез-құлқына әсер етіп, практикалық іс-әрекетіне пайдалы жақтарына көңіл бөлу керек деп санайды.

Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойында білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерді дарыту. Тәрбиелеу – жеке адамның кісілігін қалыптастыру деп көрсетеді. Ол тәрбие әрекетінде қатты әдіс (қатаңдық) пен жұмсақ әдісті (жұмсақтықты) ұштастыра білуді ұсынады. Адамның ар-ожданы алдында адал, шыншыл болуы – адал өзіне-өзі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізетті болуынан ғана туады, – деп көрсетеді. Ерікті түрде тәрбиелеу өнері өте-мөте көп күш керек етеді. Адамның әуелден тоқымашы... болып тумайтыны сияқты қайырымдылық пен жаман қылық та әуел бастан жаратылысынан дарымайды. ...Сөз жүзінде емес, мінез-құлықты іс жүзінде шындау арқылы іске асыруға болады, – деп түйіндеді әл-Фараби. Ғұлама бақытқа жеткізетін, негізінен, денсаулық, еңбек және білім



Отбасының негізгі қызметі өмірге ұрпақ әкелу болса, өмірге келудегі басты мақсат – бақытқа жету деп білген әл-Фараби. Мұндай көзқарастар бүгінгі ғылыми-педагогика теориясындағы отбасы қызметтерінің бірі ұрпақ жалғастырушылықты көрсетсе, өмірге келген ұрпақтың бақытты болашағын қамтамасыз ету де отбасы міндеті екендігін ескертеді. Әрбір адамның өмірде өз орнын тауып, бақытына жетуге қабілетін қалыптастыратын мекені отбасы деп көрсетеді

Шәркүл ТАУБАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
профессоры

ДҮЙСЕНБІ

22 МАУСЫМ



6.00, 02.50 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар». 6.40 «Masele».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 «7 күн».



6.00 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».



6.00 «ТАҒЫ ДА СҮЙ», т/х. 7.00 «ТОЙ ЗАКАЗ».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ. 6.00 Ризамын.

13.30 «Келіндер бәйгесі». 14.30 «Кел татуласайық».



6.00 «Қыздар арасында». 6.50, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.00 «Разминка».

СЕЙСЕНБІ

23 МАУСЫМ



6.00, 02.50 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.



6.00 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».

20.30 «Отбасы». 01.40 «Шіман апаның хикаялары».



6.00 «ТАҒЫ ДА СҮЙ», т/х. 6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ. 6.00 Ризамын.



6.00 «Қыздар арасында». 6.50, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.00 «Разминка».

СӘРСЕНБІ

24 МАУСЫМ



6.00, 02.50 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.



6.00 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».



6.00 «ТАҒЫ ДА СҮЙ», т/х. 6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».



7.00 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».



5.58 ҚР ӘНҰРАНЫ. 6.50 Информбюро.

7.50 Т/с «ГАНГА». 9.50 М/с «Лунтик».



6.00 «Қыздар арасында». 6.50, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНҰРАНЫ. 7.00 «Разминка».

БЕЙСЕНБІ

25 МАУСЫМ



6.00, 02.50 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 Қорытынды жаңалықтар. Итоги дня.



6.00 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».

@NurSultanNewsBot | tme/elordainfo



6.00 «ТАҒЫ ДА СҮЙ», т/х. 6.45 «ТОЙ ЗАКАЗ».



7.00 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».



5.58 ҚР ӘНУРАНЫ. 6.00 Ризамын. 6.50 Информбюро.




6.00 «Қыздар арасында». 6.50, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.00 «Разминка».

ЖҰМА 26 МАУСЫМ



6.00, 02.50 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар».

6.40, 20.00 AQRARAT. 7.20 Т/х «ШАШУ».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 Қорытынды жаңалықтар.



6.00 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30 «Күлдірген».



6.00 «ТОЙ БАЗАР». 7.00, 18.00 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР».



7.00 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».



5.58 ҚР ӘНУРАНЫ. 6.00 Ризамын. 6.50 Информбюро.



6.00 «Қыздар арасында». 6.50, 05.15 «Гү-гүлет».



6.55 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.00 «Разминка».

СЕНБІ 27 МАУСЫМ



6.00, 02.50 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар».



6.00, 02.00 ҚР Әнұраны. 6.00 «Тамаша».



6.00, 03.15 «Ән мен әзіл» концерттік. 6.30, 02.55 «Әзілстан».



6.00, 03.30 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН», т/х. 6.45, 02.45 «ТАМАША СИТУ».



22.00 «П@УТИНА». 23.00 Т/С «САША+ДАША+ГЛАША».



7.00 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.05 «ҮЛКЕН ҮЙ-3», т/х.



5.58 ҚР ӘНУРАНЫ. 6.00, 01.20 Әзіл студио.




6.00 «Қыздар арасында». 6.50 «Қуырдақ».



6.55 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.00, 03.20 «Бүлдір-күлдір».



ЖЕКСЕНБІ 28 МАУСЫМ



6.00, 02.50 Әнұран. 6.05 «Ауылдастар».



Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кәсіби мерекесі.

19.15 «Жұлдызды жекпе-жек». 4-ші маусым.



6.00, 03.25 «Ән мен әзіл» концерттік. 7.00 «KazNet».



6.00, 03.35 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН», т/х. 6.40, 02.50 «ТАМАША СИТУ».



7.00 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.05 «ӘН МЕН ӘНШІ».



5.58 ҚР ӘНУРАНЫ. 6.00, 03.30 Әзіл студио.



6.00 «Қыздар арасында». 6.50 «Қуырдақ».



6.55 ҚР ӘНУРАНЫ. 7.00, 03.20 «Бүлдір-күлдір».

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	500 000,0
047	Тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру	500 000,0
10	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	2 450 000,0
334	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы	2 450 000,0
038	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдарға кредит беру	2 450 000,0
13	Басқалар	1 816 116,0
334	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы	1 816 116,0
010	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға кредит беру	500 000,0
069	Республикалық маңызы бар қалада, астанада кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру	1 316 116,0
5	Бюджеттік кредиттерді өтеу	284 000,0
01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	284 000,0
1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	284 000,0
	IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	51 703 858,0
	Қаржы активтерін сатып алу	51 703 858,0
12	Көлік және коммуникация	3 805 412,0
335	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы	3 805 412,0
015	«Жаңа көлік жүйесі» жобасын іске асыру үшін заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту	3 805 412,0
13	Басқалар	47 898 446,0
332	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы	3 506 278,0
065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	3 506 278,0
335	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы	5 892 168,0
065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	5 892 168,0
337	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы	38 500 000,0
065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	38 500 000,0
	V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-88 924 176,8
	VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	88 924 176,8
7	Қарыздар түсімдері	95 148 266,0
01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	95 148 266,0
1	Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар	93 578 574,0
2	Қарыз алу келісім-шарттары	1 569 692,0
16	Қарыздарды өтеу	-11 117 604,0
356	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қаржы басқармасы	-11 117 604,0
008	Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу	-11 100 000,0
009	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	-1 000,0
019	Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	-16 604,0
	Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	4 893 514,8

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының мәндетін атқарушы М.Шайдаров

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 492/65-VI шешіміне 2-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 456/58-VI шешіміне 4-қосымша

Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөлумен, Нұр-Сұлтан қаласының 2020 жылға арналған бюджетінің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі

Функционалдық топ		
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
Бағдарлама		
Атауы		
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер
373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы
	061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту
02		Қорғаныс
373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы
	030	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі
373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы
	004	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту
	099	Зираттар бар крематорийлер салу
04		Білім беру
373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы
	028	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау
	037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау
05		Денсаулық сақтау
373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы
	038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру
373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы
	039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
336		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы
	017	Қаланы абаттандыруды дамыту
343		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы
	005	Коммуналдық шаруашылықты дамыту
	007	Сүмен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту
	008	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру
	018	Қаланы абаттандыруды дамыту
373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы

	012	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау
	013	Қаланы абаттандыруды дамыту
	017	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік
	343	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы
	019	Ұлттық пантеон салу
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану
	343	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы
	012	Жылы-энергетикалық жүйені дамыту
	029	Газ тасымалдау жүйесін дамыту
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары
	336	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы
	005	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту
12		Көлік және коммуникация
	335	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы
	003	Көлік инфрақұрылымын дамыту
	011	Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу және реконструкциялау
	015	«Жаңа көлік жүйесі» жобасын іске асыру үшін заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту
13		Басқалар
	332	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы
	065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту
	334	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы
	048	Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың, индустриялық парктердің инфрақұрылымын дамыту
	335	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы
	065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту
	337	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы
	065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту
	343	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы
	040	Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық аймақтардың, индустриялық парктердің инфрақұрылымын дамыту
	052	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту
	071	Қалалардың шетіндегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту
	373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы
	048	Қалалардың шетіндегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының мәндетін атқарушы М.Шайдаров

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 492/65-VI шешіміне 3-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 456/58-VI шешіміне 6-қосымша

2020 жылға арналған Нұр-Сұлтан қаласының “Алматы” ауданының бюджеттік бағдарламаларының тізімі

Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
Атауы			
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	414 591
	123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	414 591
	001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	412 577
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 014
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	10 235 288
	123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	10 235 288
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 259 233
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	5 426 101
	010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	13 920
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3 536 034
		Барлығы:	10 649 879

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының мәндетін атқарушы М.Шайдаров

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 492/65-VI шешіміне 4-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 456/58-VI шешіміне 9-қосымша

2020 жылға арналған Нұр-Сұлтан қаласының “Байқоңыр” ауданының бюджеттік бағдарламаларының тізімі

Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
Атауы			
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	318 949
	123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	318 949
	001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	317 056
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 893
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	7 808 934
	123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	7 808 934
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	611 253
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	4 002 697
	010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	100 330
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3 094 654
		Барлығы:	8 127 883

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының мәндетін атқарушы М.Шайдаров

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
2020 жылғы 29 мамырдағы
№ 492/65-VI шешіміне
5-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
2019 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 456/58-VI шешіміне
12-қосымша

2020 жылға арналған Нұр-Сұлтан қаласының “Есіл” ауданының бюджеттік бағдарламаларының тізімі

Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
Атауы			
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	360 818
	123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	360 818
		001 Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	358 925
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 893
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	16 820 183
	123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	16 820 183
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	898 744
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	7 471 330
		010 Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	13 522
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	8 436 587
		Барлығы:	17 181 001

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының мәндетін атқарушы **М.Шайдаров**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
2020 жылғы 29 мамырдағы
№ 492/65-VI шешіміне
6-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
2019 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 456/58-VI шешіміне
15-қосымша

2020 жылға арналған Нұр-Сұлтан қаласының “Сарыарқа” ауданының бюджеттік бағдарламаларының тізімі

Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
Атауы			
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	380 666
	123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	380 666
		001 Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	378 652
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 014
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	8 828 800
	123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	8 828 800
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	777 038
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	4 718 001
		010 Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	50 034
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3 283 727
		Барлығы:	9 209 466

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының мәндетін атқарушы **М.Шайдаров**

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 29.05.2020 №494/65-VI

Нұр-Сұлтан қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI шешіміне толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 2-3-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 1149 тіркелген, 2018 жылдың 11 қаңтарында «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) шешіміне мынадай толықтырулар енгізілді:

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында (бұдан әрі – Қағида):

13-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:
«6-1) мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған отбасылар;»;
52-тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
«мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған отбасыларға (ата-аналардың біреуіне);».

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы **А. Табулдина**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. **М. Шайдаров**

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 02.06.2020 №500/66-VI

Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ**

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды,

бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 27 маусымдағы № 396/52-VI шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1234 болып тіркелген, 2019 жылғы 10 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған).

3. Осы шешім әділет органдарында

мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы **С. Батпенев**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. **М. Шайдаров**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
2020 жылғы 2 маусымдағы
№ 500/66-VI шешіміне
қосымша

Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру тізбесі

Р/с №	Аурудың атауы	Халықтың санаты	Дәрілік заттарды тағайындау көрсеткіші (дәрежесі, сатысы, ағым ауырлығы)	Дәрілік заттардың атауы (дәрілік түрі)
1	2	3	4	5
1.	Муковисцидоз	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Тобрамицин, ингаляцияға арналған ерітінді Натрий колестиметаты, ингаляцияға арналған ұнтақ Урсодезоксикол қышқылы, капсула Бейімделген емдік өнімдер Панкреатин, капсула
2.	Туа біткен жүрек ақауы кезіндегі Эйзенменгер синдромы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Бозентан, таблетка Силденафил, таблетка Илопрост, ингаляцияға арналған ерітінді
3.	Драве синдромы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Стирипентол, капсула Клобазам, таблетка
4.	Қалқанша безінің медулярлық ісігі	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Вандетаниб, таблетка
5.	Ниман-Пик ауруы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Барлық сатылар және ауырлық дәрежесі	Миглустат, капсула
6.	Анкилоздаушы спондилит	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Инфликсимаб, инъекцияға арналған ұнтақ
7.	Жүйелік нұсқасы бар ювенильді идиопатиялық артрит	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін белсенді сатыдағы	Тоцилизумаб, инъекцияға арналған ерітінді жасауға арналған концентрат Адалимумаб, инъекцияға арналған ерітінді Тофацитиниб, таблетка
8.	Буллезді эпидермолиз	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Медициналық бұйымдар Декспантенол, крем Бейімделген емдік өнімдер
9.	Өкпенің бронхоөкпелік дисплазиясы	1 жасқа дейінгі балалар	1000 г дейінгі салмақпен өте шала туған нәрестелер	Паливизумаб, инъекцияға арналған ерітінді, ерітінді дайындауға арналған ұнтақ
10.	Алғашқы глаукома, басқа көз аурулары салдарынан туындаған қайталама глаукома	Кем дегенде бір жыл диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі емдеуге толық жауап бермейтін белсенді сатыда	Травопропт+ тимолол малеаты, көзге арналған тамшылар
11.	Бронх демікпесі	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Жеке көтералмаушылық жағдайында	Серетид (сальметерол + флутиказон пропionato), ингаляцияларға арналған аэрозоль
12.	Артериялық гипертензия	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Жеке көтералмаушылық жағдайында	Ванатекс (валсартан), таблетка Телмисартан, таблетка Телмисартан + гидрохлортиазид, таблетка
13.	Бүйірлік амиотрофиялық склероз	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Рилузол, таблетка
14.	Контрацепция	Ауыр экстрагениталды аурулары бар әйелдер, жүктілікке қарсы көрсеткіштері бар әйелдер, бала туу жасындағы барлық әйелдердің әлеуметтік осал топтары	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Этинилэстрадиол + дроспиренон, таблетка Дезогестрел, таблетка Этинилэстрадиол + левоноргестрел, таблетка, драже Медициналық бұйымдар
15.	Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	Көмекші құралдарды имплантациялау, жасанды жүрек пен жүректі трансплантациялау	Медициналық бұйымдар
16.	Криопиринмен байланысты мерзімді синдромы	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Ауырлықтың барлық сатылары және дәрежелері	Канакинумаб, ерітінді дайындауға арналған лиофилизат
17.	Созылмалы вирусстық С гепатиті, бауыр циррозы сатысын қоса алғанда	Диспансерлік есепте тұрған азаматтардың барлық санаттары	Дәстүрлі терапияға толық жауап бермейтін сатыда	Глекапревир + пибрентасвир, таблетка

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Нұр-Сұлтан қаласы 16.06.2020 №508/67-VI

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттығына кандидатты ұсыну туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 71-бабын басшылыққа ала отырып, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**
1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ретінде 1961 жылы туған, ұлты қазақ, «Nur Otan» партиясының мүшесі, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы Ақылбек Қажығұлұлы Күрішбаев ұсынылсын.

2. Ақылбек Қажығұлұлы Күрішбаевтан Нұр-Сұлтан қаласының атынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына сайлауға дауысқа түсуге келісім беру сұралсын.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты сессиясының төрағасы С. Батпенев

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а. М. Шайдаров

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

«Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігінің «Патологоанатомия бюро» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың басталғаны туралы хабарлайды.

Денсаулық сақтау саласындағы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі. Мынадай:
 - 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
 - 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
 - 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
 - 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тіліндеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Конкурсты өткізу орны – Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 423-кабинет, 556835.
Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2020 жылғы 18 маусым.
Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2020 жылғы 17 шілде.

Қалалық ардагерлер Кеңесі Пленумының мүшесі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты, доценті болған, қазіргі кездегі зейнеткер
Мәкен Серік Айткешұлының қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының қалалық сайлау комиссиясы қалалық сайлау комиссиясының құрамын және мекенжайын жариялайды:

№ р/с	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Аумақтық сайлау комиссиясының құрамы
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ		
	Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 211 каб., тел. 55-66-34	Комиссия төрағасы - Редкокашин Владимир Николаевич Төраға орынбасары - Исабаев Бауыржан Әбдірашитұлы Комиссия хатшысы - Шәріпов Шрақпай Мұратұлы Комиссия мүшелері: Ахметжанов Берік Теміртасұлы Әбдікерімов Амангелді Әбдіжәліұлы Цой Виталий Геннадьевич Күрманова Сәуле Әжмұхамбетқызы

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2020 жылғы 15 маусым

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау шараларын көрсету тәртібін бекітті

Төтенше жағдай және карантин кезеңінде қаржылық жағдайы нашарлаған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету, экономиканы қалпына келтіру жөніндегі жоспарларды іске асыру мақсатында Агенттік шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілеріне қосымша қолдау шараларын көрсету тәртібін бекітті.

ШОК субъектілеріне қолдау шараларын көрсету тәртібі екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға, оның ішінде бұрын көрсетілген ұйымдар болып табылған заңды тұлғаларға (бұдан әрі – кредиттік ұйымдар) қолданылады.

Кредиттік ұйым жеке тәртіппен ШОК субъектісінің қаржылық жағдайын, төтенше жағдайдың және карантиннің кәсіпкерлік қызметке әсерін және ШОК субъектісінің қаржылық жағдайының қалпына келу перспективаларын бағалайды.

ШОК субъектілерінің қаржылық жағдайы нашарлауының объективті себептері болған кезде кредиттік ұйымдар кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсетудің мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде банктік қарызды және микрокредитті жеңілдік берілген талаптармен қайта қаржыландыру және (немесе) көрсетілген шарттар бойынша төлемдерді ШОК субъектілерінің қаржылық жағдайын және төлемге қабілеттілігін қалпына келтіру үшін жеткілікті кезеңге кейінге қалдыру түрінде қолдау шараларын ұсынады.

Кредиттік ұйым қолдауды ШОК субъектісінің өтініші және 2020 жылғы 16 маусым – 15 қыркүйек аралығында кредиттік ұйымға берілген ШОК субъектісінің қаржылық жағдайының нашарлағанын растайтын құжаттар негізінде көрсетеді.

Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мына жедел желі телефондарына хабарласыңыз:
+7 (727) 2788 144 және +7 (727) 2788 122
(жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма сағат 9.00-17.00 аралығында, сенбі – сағат 9.00-15.00 аралығында, жексенбі – демалыс)
e-mail: Fingramota@finreg.kz, TAL@finreg.kz, www.finreg.kz

Анетова Әсел Ерсеитқызының атына берілген студенттік билеті мен оқырман билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



ASTANA AQSHAMY
ГАЗЕТИНЕ 2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНА ЖАЗЫЛУ ЖАЛГАСУДА!

Индекс 65617	Жеке жазылушылар үшін	Жазылу бағасы		Индекс 15617	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	Жазылу бағасы	
		қала	аудан/ауыл			қала	аудан/ауыл
	1 айға	586,25	640,00		1 айға	846,25	900,00
	3 айға	1 758,75	1 920,00		3 айға	2 538,75	2 700,00
	6 айға	3 517,50	3 840,00		6 айға	5 077,50	5 400,00

*ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ, «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТИ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, "Нұрсая-2" ТК) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

КӨПЕНМЕН ӨТКЕН КЕШ

» Нұр-Сұлтан қалалық Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі белгілі қаламгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Президент сыйлығы мен Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Көпен Әмірбекпен «Күлкі жанға дәру, кейде үлкен қару» атты тікелей онлайн-сұхбат өткізді.



Биыл қазіргі қазақ сатирасының көрнекті өкілдерінің бірі Көпен ағамыз мерейлі жетпіс жасқа толды. Қарымды қаламгердің бүгінге дейін «Аты жоқ

кітап», «Тілім қышып барады», «Қысыр әңгіме», «Ауызбастырық», «Неменеңе жетісіп күлесің?», «Өзінді танысың ба?» атты әзіл-сықақ, пародия жинақтары-

ның басын құраған отызға тарта кітабы жарық көрген. Сондай-ақ ол кісі аудармаға да ат ізін салып, орыс әдебиетінің классиктері И.Крылов, С.Михалков, С.Маршактың, лезгин сатиригі Жамидиннің және өзбек қаламгері Абдулла Қаһардың туындыларын тамаша тәржімалады.

Онлайн-сұхбат барысында сатирик оқырмандарға өз өмір жолы мен ата-анасы, бауырлары, әдебиетке алғаш келгенде батасын берген ағалары туралы тағылымды әңгіме өрбітті. Сонымен бірге өз шығармашылығындағы жаңа белестер мен соңғы жылдары жарық көрген сатиралық жинақтары жайында айтты. Кезінде ол кісі өз қолымен «Көпен келе жатыр...» деген пародия театрын құрды. Осы өнер ордасының сахнасында еліміздегі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді қозғаған тың туындылар қойылды. Оны жұртшылық жылы қабылдаған еді. Кейінгі кездері аталған театр көп көрінбей кетті. Сатирик осы жайында да сыр шертті. Сондай-ақ қоғамдағы күлкінің алар орны, рөлі туралы парасатты сөз қозғады. Жаңа жазылған шығармаларын оқыды. Қысқасы, қазақтың қабырғалы қаламгерімен болған сырлы сұхбат оқырмандарға ой салар салмақты дүние болды.

Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ

ЕЛОРДА АСПАНЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ КЕМПІРҚОСАҚ

» Елорда аспанында пайда болған ерекше құбылыс қала тұрғындары мен қонақтарын таңғалдырды. Нөсер жаңбырдан кейін табиғаттың тосын құбылысы желі пайдаланушыларының көңіл-күйін көтерген болса керек, қызу талқылау туындап кетті. Тіпті ерекше көрініске куә болған қала басшысы Алтай Көлгінов те бей-жай қала алмады.

Сейсенбіде нөсер жауыннан соң астана аспаны қайталанбас ерекше күйге енді. Аспан қызарып, қаланы қақ жарған алып кемпірқосақ пайда болды. Табиғаттың осынау тосын сыйы бірнеше күнге жалғасқан нөсер жаңбырдан кейін жұртшылықтың көңіл-күйлеріне шуақты әсер қалдырды.

Бас шаһар басшысы қайталанбас көріністің суретін инстаграм парақшасына жүктеп, қала тұрғындарын сақтық шараларын сақтауға шақырды. Сонымен қатар әр шаңыраққа денсаулық пен бақыт тілеп жылы лебізін білдірді. Желі қолданушылары барынша белсенділік танытып, бұл құбылысты жарты айлық жаңбыр жауғаннан болар деп топшылады.

Айта кетейік, Қазгидрометтің хабарлауынша алдағы аптада елордада ауа райы ыстық болады.



ЛАТЫН АМЕРИКАСЫНДА КОНЦЕРТ БЕРЕДІ

Дарынды әнші Димаш Құдайберген Латын Америкасында концерт беру туралы жоспарымен бөлісті. Тікелей эфир кезінде жасаған осындай мәлімдемесі әншіні өз елінде көргісі келетін бразилиялық фанаттарды бей-жай қалдырмады, деп жазады dimashnews.com сайты бразилиялық «Extra» газетіне сілтеме жасап.

АҚЫН ЗАМАНЫНДАҒЫ ФОТОАППАРАТ

» Елордадағы дауылпаз ақын Сәкен атамның музейіне барғанда көзіміз ескі фотоаппаратқа түсті.



Фотоаппараттың аты «Фотокар – 1» деп аталады. Ол темірден жасалып, сырты жасанды терімен қапталған. Былғарыдан жасалған ұстағышы, жабатын құлыбы бар.

«Фотокар – 1» камерасымен 9x12 форматында фотоға түсуге болады. Бұл Кеңес одағында алғашқы шығарылған фотоаппараттың бірі саналады. Оны Хасенов Мұқан деген кісі 1930 жылы сатып алып, кейін Алматыда тұратын Сапина Күләш деген апайға берген. Сөйтіп, тарихи жәдігер Сәкен мұражайына жеткен. Оны музей қызметкерлері ақынның отбасына қатысты бар деп айтады. Көрнекті қоғам қайраткері осы фотоаппаратпен суретке түскен де болуы мүмкін. Ол кезде фотоаппараттың басқа түрлері көп кездеспеген. Қарапайым адамдар құжатқа болмаса, сән немесе естелік ретінде көп фотоға түсе де қоймаған.